Ұлттық сапа орталығының игі істері

6 - бет ҚАРЖЫ

Мұнай құны қаншалықты құбылды?

7 - бет НАРЫҚ

Музей – өлкенің тарихы, халықтың қазынасы

8 - бет МӘДЕНИЕТ

TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//7 ҚАҢТАР 2021 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ

Тәуелсіздік тұғыры – ұлттық құндылықтар, әділетті қоғам, қуатты мемлекет

Биыл еліміз қасиетті Тәуелсіздігінің 30 жылдығына қадам басты. Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан қасырдың жүгін арқалап тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында осылай мәлімдеді.

Азаттықтың алғашқы онжылдығы – жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі. «Осы уақытта Елбасының басшылығымен мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды», – деді Президент.

«Қазақстан – 2030» стратегиясы қабылданды. Ел аумағын ядролық қарудан толық тазарттық. Елордамызды Арқа төсіне көшірдік. Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырдық. Отандық бизнестің негізін қаладық. Жастар әлемнің мәндайалды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырып, Ұлы көшке жол аштық. Соның нәтижесінде ел енсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді», – деп жазды Президент.

Екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі. Мемлекетіміздің тұғыры нығайып, экономикалық әлеуетіміз арта түсті. Құрлықтағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендедік. Елімізге шетелден қомақты инвестиция тарттық.

Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, мерейлі мемлекетке айналдық.

«Шекара мәселесін біржола шештік. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межеледік.

Әр бағыт бойынша ауқымды бағдарламалар жүзеге асырылды. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға баса мән бердік.

Қасым-Жомарт Тоқаев келесі онжылдықтың міндетін атап өтті. «Төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет. Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз.

...Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын.

Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тіліміздің, діліміз бен діниімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек», – деді Президент.

Жаһандану кезеңінің жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. «Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүріміздің ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі», – деді Президент.

► ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР

Risers	Last	%△1D	%△1M
GB_KZMS 06.01.21 17:30	3 687,39	+3,87	+4,16
CCBN 06.01.21 17:30	215,60	+1,64	-0,13
KCEL 06.01.21 17:30	2 760,00	+0,33	+1,10
KZTO 06.01.21 17:30	986,50	+0,15	+8,54
–	–	–	–
KASE Индексі 06.01.21 17:30	2 718,29	+0,24	+4,08

АҚША НАРЫҒЫ

Symbol	Last	%△1D	%△1M
MM Index 06.01.21 17:48	8,12	-0,11	-0,14
TONIA 06.01.21 17:15	8,14	-0,13	-0,16
SWAP-1D (USD) 06.01.21 15:48	7,96	+0,06	+0,56
TWINA 06.01.21 16:55	8,42	-0,14	-0,20
SWAP-2D (USD) 06.01.21 15:48	8,00	0	+0,50

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Deals	Yield	DTM
KZTGe1 06.01.21	2.91	–
BRKZe10 06.01.21	8.95	–
KAFIb10 06.01.21	11.30	–
CCBNe3 06.01.21	126.61	–
EUBNb13 06.01.21	12.75	–
CSBNb18 06.01.21	9.70	–

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
MUM156_0006 06.01.21	10.20	
MUM132_0005 06.01.21	10.20	
KZ_06_4410 06.01.21	2.67	
NTK028_2692 30.12.20	8.60	–
MUM108_0013 30.12.20	9.60	
KZ_05_2410 30.12.20	2.48	–

► ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер

KASE	2 718.29	0.24% ↑
FTSE 100	6815.73	3.10% ↑
CAC 40	5609.02	0.79% ↑
S&P 500	3726.86	0.71% ↑
Dow Jones	30391.60	0.55% ↑
Nikkei 225	27055.94	-0.38% ↓
DAX	13787.05	1.00% ↑
SSE Comp	3528.68	-0.73% ↓

06 Қаңтар 2021

Тауарлар

Мұнай	50.10	0.17% ↑
Алтын	1937.00	-0.90% ↓
Платина	1112,85	-0.57% ↓
Палладий	2471.50	-0.88% ↓
Никель	14 423.00	-0.61% ↓
Алюминий	2049.25	-0.82% ↓
Күміс	27.483	0.80% ↑

06 Қаңтар 2021

Валюта нарықтары

USDKZT	419.190	-0.52% ↓
EURKZT	516.675	-0.28% ↓
USDRUB	73.9128	-0.16% ↓
USDUAH	28.2600	-0.56% ↓
USDBYN	2.5748	0.02% ↑
EURUSD	1.2320	0.21% ↑
GBPUSD	1.3575	-0.36% ↓

06 Қаңтар 2021

ЕҢБЕК: ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

Гранттық қаржы қолдан келетін шаруаға жұмсалса игі

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық әкімдігінің жұмыспен қамту орталығының жетекші маманы Болат Есбектің айтуынша, нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында өткен жылы республикалық бюджеттен 153 мың 91 мың теңге, жергілікті бюджеттен 13 млн 636 мың теңге бөлініп, соған орай кәсіпкерлік бастамаларға 320 қайтарымсыз грант бөлінген.

ГҮЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

Соның 276-сы республикалық бюджеттен бөлінсе, 44-іне жергілікті бюджеттен бөлінген. Алдыңғы жылы бөлінген 300 гранттық қаржы толықтай игерілгені мәлім. Жүргізілген мониторингтің нәтижесіне қарағанда, гранттық қаржы алғандардың ішінде 93 аз қамтылған отбасы, 56 көпбалалы отбасы мүшелері, 14 мүмкіндігі шектеулі жан, 81 жасы 29-ға дейінгі жас және басқа санаттағы 77 адам бар.

– Былтыр гранттық қаржы алдыңғы жылға қарағанда молырақ бөлінді. Мемлекет халықтың әлеуметтік жағдайын, тұрмыстық әл-ауқатын көтеру үшін жыл сайын аталмыш бағдарлама бойынша бөлінетін қаражат шамасын көтеруде. Гранттық қаржы иегері атану үшін алдымен «Бастау-Бизнес» жобасы негізінде кәсіпкерлікке оқуы тиіс. Оқудан өткендерге ешқандай кедергісіз грант беріледі. Тек атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар ғана мұндай оқуды оқымай-ақ гранттық қаражатты алады. Кәсібімді бастаймын деп құлшынып тұрған атаулы әлеуметтік көмек алатындарға грант бірінші кезекте беріледі, – деді Болат Есбек.

Гранттық қаржы алған азаматтар түрлі кәсіптерін бастауда. Мал, құс шаруашылығын дамыту, тігін цехтары, компьютерлік қызмет, шаштараз, сұлулық салондары, дәнекерлеу, дөңгелек құрастыру, ағаш цехтары, фото және бейне студиялар сынды басқа да кәсіпкерлік нысандарын ашып, жұмыстарын жолға қоюда.

> [4]

АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ

Өркенді кәсіпорындар шоғыры

Пандемияның күрделі әсері жаңа өндірістерді құруға кедергі бола алмайды. Өйткені, кез келген ауырлықты көтеру үшін ең алдымен тіршіліктің күре тамыры – экономика дағдарып қалмауы қажет. Осының бір мысалы – өткен жылы «Астана – жаңа қала» АЭА аумағында бірнеше ірі жобалардың құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Ал кейбір компаниялар қуаттылығын арттырып, өнім түрлерін кеңейтті.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Атап өтерлігі, пандемия кезінде Қазақстанда алғаш рет индустриялық модульдік үй құрылысы технологиясын енгізу басталды. Бұл құрылыс мерзімін төрт есе қысқартуға мүмкіндік беріп қана қоймай, тұрғын үйдің өзіндік құнын едәуір төмендетіп, сапасын арттыратын прогрессивті буын.

> [5]

АҒАШ КЕСКЕНДЕР АЙЫПТАЛАДЫ 2

ЗАМАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАТТЫ ТАЛАП ЕТУДЕ 6

16+

№1 (695)

ISSN 1999-5830

АПТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАЙЛАНЫС, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНДЕ ТІРКЕЛІП, 2017 ЖЫЛҒЫ 14 ЖЕЛТОҚСАНДА №16796-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛДІ

TENGE MONITOR
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

Ақорда

Қабылданған шараларға есеп берілді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Асқар Маминді қабылдады.

Мемлекет басшысына 2020 жылдың қорытындысы бойынша ел дамуының макроэкономикалық көрсеткішінің болжамды есебі мен республикадағы санитарлық-эпидемиологиялық ахуал жайында баяндалды.

Алдын ала алынған мәліметтерге сәйкес, Президентке 2020 жылы нақты сектордағы өндіріс көлемі 2 пайызға артқаны жайында ақпарат берілді. Өңдеу өнеркәсібі 3,3 пайызға, оның ішінде азық-түлік өндірісі 3,6 пайызға, фармацевтика 40 пайызға, дайын металл өнімдерін өндіру 20 пайызға, машина жасау 16 пайызға, атап айтқанда автомобиль өндірісі 53 пайызға, жеңіл өнеркәсіп 16 пайызға өскен. Солайша нақты сектор ұлттық экономиканың тұрақтылығын сақтаудың басты факторына айналған.

Асқар Мамин Мемлекет басшысына ұзақ мерзімді орта көрсеткіштер бойынша құрылыс саласының қарқыны айтарлықтай жоғары екенін айтты. Былтыр құрылыс жұмыстарының көлемі 12,5 пайызға артқан. Пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 14,5 пайызға көбейген немесе 15 миллион шаршы метр баспана тапсырылған. Ауыл шаруашылығы саласындағы өсім 5,0 пайызға жеткен. Тау-кен өндірісіндегі темір кені және өзге де пайдалы қазбалар бойынша өсім сақталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал бақылауда екенін баяндаған Премьер-министр күнделікті жаңадан індетке шалдыққандардың саны 0,46 пайызға өскенін, еліміз бойынша коронавирустың өршу деңгейінің көрсеткіші 0,9 пайызды құрайтынын жеткізді. Жұқпалы аурулар ауруханаларының 29 пайызында, жансақтау бөлімдерінің 21 пайызында адамдар емделіп жатыр.

Президентке инвестиция тарту, халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыру және басқа да елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзекті мәселелер бойынша қабылданған шаралар жайында есеп берілді.

Аймақ

Табиғи өнімге сұраныс жоғары

Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданында жаңа сүт фермасы ашылды. Бұл – өңірде соңғы уақытта ашылған осымен 12-ші ферма.

Өңір әкімі Құмар Ақсақалов іске қосылған ферманың жұмысын барып көрді. «Облыстың барлық ірі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері етті немесе сүтті мал өсіруді қолға алуы керек. Бұл жергілікті атқарушы билік пен фермерлерге ортақ міндет. Жобаларды жүзеге асыруға мемлекеттен үлкен қолдау бар. Бірлескен жұмыс өз нәтижесін қазірден беріп жатыр», – деді Қ.Ақсақалов.

Қазір облыста 6 сүт кешенінің құрылысы жалғасуда. Биыл тағы 10 ферманың құрылысы басталады. Өңірде мал етін де көптеп өндіру жоспарланған. Осы мақсатта облыста үш ірі бордақылау алаңы салынуы тиіс. Солардың бірі Қызылжар ауданында іске қосылды. Тағы екеуі Уәлиханов және Ақжар аудандарында салынып жатыр. Олар 13 мың басқа шақталған. Жоба аясында асыл тұқымды мал әкелінді.

Сайлау-2021

Байқаушылар міндетін атқаруға дайын

М.Х.Дулати атындағы Тараз аймақтық университетінде ҚР Парламентіне, облыстар мен аудандардың мәслихаттарына сайлауды байқауға дайындық бойынша Жамбыл облыстық партиялық емес бақылау орталығының қызметімен танысуға арналған дөңгелек үстел отырысы өтті.

Іс-шара барысында байқаушылардың сайлау күні жұмыс істеуге дайындығы, сондай-ақ аудандар мен облыс орталығында өткізілген оқыту семинарларының барысы туралы мәселелер қаралды. Жамбыл облысы бойынша сайлауды партиялық емес бақылау орталығының капитаны, «Жастар-Зертеу» ЖҚБ төрайымы П.Мамедова партияға жатпайтын байқаушылардың сандық, сапалық құрамы және байқаушының заңды құзыреттілігін арттыру маңыздылығы туралы айтты. Штаб мүшелері партияларға бейтарап қатынастың маңыздылығын және байқаудың Сайлау туралы заңды дұрыс сақтауға және сайлау учаскелерінде барлық санаттағы азаматтарға тең мүмкіндіктер беруге назар аударуының маңыздылығын қуаттады. Сонымен қатар, әлеуметтік қашықтыққа қатысты карантиндік режим талаптарын сақтау және қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету мәселелерін талқылады. Бүгінгі күні 552 тәуелсіз байқаушы оқудан өтті.

ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Ағаш кескендер айыпталады

Мемлекет басшысының елді ауқымды көгалдандыру мақсатында берген тапсырмасына сәйкес, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі алдағы 5 жыл ішінде орман алқабында 2 млрд ағаш отырғызу үшін тиісті жұмыстарды атқарып жатыр. Көзделген меже –«Бонн шақыруы» жаһандық бастамасы аясында ормандылық деңгейін көтеріп, елдегі экологиялық жағдайды жақсарту.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Қазақстан орман алқабы аз мемлекеттер қатарына жатады. Орман қорына жататын жерлердің жалпы көлемі 30 млн гектарды құрап, республикамыздың 11 пайызын алып жатыр. Орман 13 млн гектар жерді қамтыса, ең көп алқаптар Қызылорда, Жамбыл облыстарында орналасқан. Онда негізінен сексеуіл өседі. Ал балқарағай, майқарағай, самырсын, шырша сияқты аса құнды ағаш түрлерінің қорлары Шығыс Қазақстан мен Алматы облыстарында шоғырланған.

Еліміздің жасыл қорының елеулі өсімін қамтамасыз ету үшін Үкімет әзірлеген Өсімдік әлемі объектілерін сақтау мен ұтымды пайдалану мәселелері жөніндегі заң жобасы жасыл желекті пайдаланудағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, бұл саладағы қатынастарды реттеуге арналған. Әкімшілік және Қылмыстық кодекстерге ағаштарды заңсыз кескендерге жауапкершілікті күшейтетін түзетулер әзірленіп, кесілген ағаштар үшін өтемдік ағаш отырғызу нормаларын ұлғайту көзделген. Өйткені, соңғы кездері елді мекендерде ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою мен зақымдау фактілері орын алуда. Осыған байланысты министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп тәртіп бұзушылықтар үшін жазаны күшейтуге бағытталған бірқатар шараларды пысықтады. Соның ішінде Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жасыл екпелерді күтіп ұстау мен қорғаудың үлгілік қағидаларына бұрын болмаған толықтыру енгізген. Оған сәйкес Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген ағаштарды заңсыз кесіп, жойып, зақымдағаны үшін отыз есе мөлшерде компенсациялық ағаш отырғызу, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға тиесілі нысандардың іргелес аумағындағы жасыл желекті екпелерді жойғаны үшін он есе мөлшерде ағаш отырғызу көзделеді.

Экология министрі Мағзұм Мырзағалиевтің айтуынша, орман заңнамасын бұзудан келтірілген зиянның мөлшерін есептеу үшін базалық ставкаларға өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізілген. Үкімет қаулысының тиісті жобасы қабылданып, сәйкесінше Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген әрбір заңсыз кесілген ағаш үшін зиянды өтеу мөлшері 6 айлық есептік көрсеткіштен 1000 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылды. Құқық бұзушылықтардың қайталануына байланысты айыппұлдар жеке тұлғаға 10 айлық есептік көрсеткіштен 150 айлық есептік көрсеткішке дейін, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 30 айлық есептік көрсеткіштен 450 айлық есептік көрсеткішке дейін, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 40 айлық есептік көрсеткіштен 600 айлық есептік көрсеткішке дейін және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 100 айлық есептік көрсеткіштен 1500 айлық есептік көрсеткішке дейін артады. Қылмыстық кодекстегі өзгерістер бойынша, заңсыз кескендер 160 сағатқа қоғамдық жұмысқа тартылуы немесе 40 күнге қамауға алынуы мүмкін.

Бұдан өзге, ормандарды қалпына келтірудің және ағаш өсірудің кешенді жоспары әзірленіп, елді мекендер мен мемлекеттік орман қорындағы жасыл желектерді мониторингілеу, түгендеу, олардың жай-күйі мен пайдаланылуын бақылау, орман қорғау қызметтерін материалдық-техникалық және кадрлық жарақтандыруды нығайту жөнінде шаралар қабылданады. Табиғат қорғау құрылымдары қызметкерлерінің өкілеттіктері кеңейтіледі.

Қазіргі күні облыс әкімдіктерімен бірлесіп өңірлер бойынша ағаш отырғызу көлемі анықталды. Елдің орман алқабын ұлғайтуда тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін кешенді шаралар қабылданып, әкімдіктермен, мемлекеттік органдармен жұмыс алгоритмі жасалды. Мысалы, әкімдіктердің табиғат қорғау және орман қорғау мекемелерінің күшімен 464 мың гектар аумақта 1,1 млрд ағаш отырғызылатын болады. Көбі Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарында жоспарланып отыр. Бұл ретте аталған мөлшердің негізгі үлесі сексеуіл егу арқылы жүзеге асырылады. Оның ішінде Арал теңізінің құрғап қалған бөлігінде де осы жұмыстар атқарылады. Республиканың орталық өңірлерінде негізінен қарағай, шырша, қайың сияқты негізгі орман құраушы тұқымдарға жататын ағаштар отырғызылмақ. Ал ұлттық парктер мен резерваттар аумағында 62,5 мың гектар алқапта шамамен 200 млн ағаш отырғызылады. Сондай-ақ өтемақы мен халықаралық гранттар есебінен 182 гектар алқапқа 700 млн ағаш отырғызу жоспарлануда. Осы кешенді шаралар 2030 жылға қарай ормандылық аумағын 5%-ға ұлғайтуға мүмкіндік береді.

ТУҒАН ЖЕР



ЖОШЫ ХАН КЕСЕНСІ

Жошы хан кесенесі – Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде, Қаракеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш.
Ежелгі құрылыс әдісінің бірі – күмбез орнату. Ол Жошы хан күмбезінде тамаша шешімін тапқан. Қабырғаның іш жағынан сөрелеп шығарған белдеулердің үстінен екі қабатты зәулім күмбез орнатқан. Ол бедерлі қалақ кірпіштермен әшекейленген. Күмбезді көп қырлы барабанға орнату – оғыз, қыпшақ тайпаларына тән тәсіл. Ішкі қабырғаларында таңбадан басқа ешбір әшекей жоқ. Еденіне қалақ кірпіштер төсеген.

Жошы хан күмбезі порталды-күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Жобасы тік бұрышты, аумағы 9,55х7,25 м. Жошы хан күмбезі республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

ПРЕЗИДЕНТ МАҚАЛАСЫНА ҮН ҚОСУ

Бағдарламалық құжаттың жүгін арқалаған еңбек

Мемлекет басшысының «Egemen Qazaqstan» газетіне жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын ерекше ықыласпен оқып шықтым. Президентіміз бүгінге дейінгі жетістіктерімізді ой елегінен өткізіп, алдағы мақсат-міндеттерге назар аударған екен. Мемлекеттілікті нығайту, тәуелсіздікті сақтау, ұлтты ұлықтау бағыттары бойынша тиісті органдарға нақты тапсырмалар да берілген. Сондықтан бұл еңбекті бағдарламалық құжаттың жүгін арқалаған дүние деуге толық негіз бар.

Мақалада егемен еліміздің бағыт-бағдары, қоғамды алаңдатқан өзекті мәселелер, жаһандану дәуіріндегі жаңа сынқатерлер бойынша сұрақтарға нақты жауап берілген. Әсіресе, мемлекеттің жеріне қатысты келтірілген пайымдар халық тарапынан толық қолдау табуда. Мемлекет басшысы атап өткендей, шын мәнінде, бізге осынау ұланғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бұл жер – ежелден қазақтың ата қонысы, қастерлі мекені.

Мемлекеттік тілді дамытуға, қандастар көшін әрі қарай жандандыруға, шекара маңындағы ауылдарды өркендетуге қатысты айтылған ұсыныстар жұрт-шылықтың ерекше қызығушылығын тудырып отыр. Оған мақала жарияланғалы бері бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде айтылып, жазылып жатқан пікірлер айқын дәлел. Наурыз мейрамын атап өтудің жаңа тұжырымдамасын дайындау бастамасы да халықтың береке-бірлігін нығайту жолындағы маңызды қадам екені анық. Президентіміздің Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беретіні туралы айтқан сөзі де көпшіліктің көңілінен шыққаны даусыз.

Мақалада жазылғандай, биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен бірге азаттықтың ақ таңын жақындата түскен Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығын атап өтеміз. Халқымыздың басынан өткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері де 100 жыл өтті. Сондай-ақ әлемдік шежіреде теңдессіз шешім болып саналатын Семей полигонының жабылғанына 30 жыл толады.

Мұның бәрі біздің тарихымыз. Ал, тарихты дәріптеу – баршамыздың абыройлы міндетіміз. Сол себепті, Президентіміз ұлтымыздың өткеніне тәуелсіз көзқараспен қарайтын кез келгенін, ғалымдарымыз бен тарихшыларымыз бұл бағытта аукымды жұмыс атқару қажеттігін нақты атап өтті. Осы орайда Мемлекет басшысының фильм түсіру ісінде тарихи тақырыптарға басымдық беру туралы тапсырмасының маңызы зор.

Жасыратыны жоқ, біз ел, жер, Отан туралы сөйлегенде кейде жалаң ұранға бой алдырып жатамыз. Президентіміз мақалада осы мәселеге назар аударып, қазір сөзбен емес, іспен дәлелдейтін кезең екеніне баса мән берген. Соның ішінде қоршаған ортаны қорғауға қатысты айтылған ойлар табиғатты аялауда әр азамат жауапты екенін және әркім нақты іспен үлес қосу қажеттігін анық көрсетеді.

Қасым-Жомарт Кемелұлы мақалада саяси-экономикалық реформалардың да жүйелі түрде жалғасатынын қадап айтты. Осы бағыттағы ауыл және кент әкімдерін сайлау бастамасы елімізде саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне жол ашады деп сенеміз. Президентіміз айтқандай, біздің мақсатымыз – келер буынға Қазақстанды тұғыры берік, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және сол істерді лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұндай жұмыстарға әрқайсымыз атсалысуымыз қажет.

Осылайша, Мемлекет басшысы аталған мақала арқылы мемлекеттілікті күшейтуге және идеологиялық жұмыстарға қатысты еліміздің алдында тұрған негізгі басымдықтарды анықтап берді. Бұл бағыттағы барлық бастаманы табысты іске асыру үшін Сенат заңнамалық тұрғыдан қолдау көрсетуге, тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін арттыруға және елдігімізді енселі етуге өз үлесін қосатын болады.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Парламент Сенатының төрағасы

Айқайы көп ортада ақыл тоқтамайды

Биыл тәу еткен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы. Әрбір саналы азамат үшін бұл ордабұзар жасқа келген, жаңғырған қазақ мемлекеттігінің шаңырағын шайқалтпай, ырыс-берекесін кетірмей, ел бірлігі мен жер тұтастығын сақтай отыра әрі қарай қалай, қай бағытта дамытамыз деп ойланатын, толғанатын кез, кемел кезең.

Зымырап өте шыққан 30 жыл қаншалықты қиын, күрделі болса, алдағы қамал алар жасқа дейінгі уақыт та оңай болмайтыны қазірден бастап-ақ көрінін тұр, деп жазды Президенттің мақаласына қатысты пікірін саясаттанушы Айдос Сарым Facebook парақшасында.

Шындап келсек, қашан да, қай кезде де қазақты, Қазақ мемлекетін құтқарар, сақтап қалар, арқа сүйер төрт құндылық бар: тұнық тіл, терең тарих, тылсым табиғат пен тыңғылықты тыныс-тіршілік. Осы құдыретті құндылықтар тұрасында Президент өз мақаласында жақсылап таратып айтып берді. Шындап келетін болсақ, қазақтың басты қорғаны, тірегі, тылы, ділі – туған тілі. Тілдің тазалығын сақтау, оны заманға сай дамыта білу, бизнес пен ғылым тіліне айналдыру, шын мәніндегі мемлекеттік тіл қылып, заңды тұғырына отырғызу – ұлттық, мемлекеттік мәселе. Тіл – ұлттық рухтың, сананың, ойдың алаңы мен мекені. Баяғыда Маркс еврейдің қасиетті кітабы Торааны «халықтың көшпелі мемлекеті» деп атаған екен. Осыған салсақ, тәуелсіздіктен айрылып, мемлекеттігімізді жоғалтқан кезде де қазақты қазақ еткен, біріктірген, топтастырған, жинаған қасиет пен құндылық – қазақ тілі екенін мойындауымыз керек. Ұлан-байтақ жерімізді, әлемдегі тоғызыншы территорияны айшықтаған да, ерекшелеген де осы тіліміз. Оймақтай ғана мемлекеттер ондаған, жүздеген диалектіге бөлініп жатады. Осыншама орасан ойкуменаны еш диалектісіз, жіксіз жинаған қазақ тілінің ұлы күші мен қасиетіне таң қалмасқа болмас!

Екінші құндылық – ұлттық жадымыз бен тарихымыз. Ел ыдырап, халықтың тоз-тозы шығып, рухы сынған кездері де аз болмаған. Мың өліп, мың тірілгенде де қазаққа сенім берген, рух берген, жауапкершілігін сездірген құндылық – тарихы. Тарихи сана қашан да тарихи жауапкершілікке итермелеген. Тарихи сана жекелеген адамның амбициясын ортақ мүддеге бағындырып, жұртты мұратшылдыққа, ұлттық ымыраға жетелеген. Тарихи сана әрбір ойлы, есті адамды белгілі бір рухи тәртіп пен саналы тіршілікке жүгенделген.

Қазақтың бойында бар, гендік қодына жазылған аруақ пен ұрпақ концепциялары да осы тарихи санадан бастау алады. Қайда жүрсең де, кім болсаң да өзінді ұзын-сонар, үздіксіз шептің, қатардың ішінде жұру, мызғымас, айрылмас бөлігі ретінде сезіну кез-келген адамға қосымша жауапкершілік, миссия артады.

Жазба соңында ол барша халықты Президенттің мақаласын асықпай оқуға шақырды. «Оқығанда да оны дабыралатпай, мақтампаздыққа апармайық. Керісінше, ойға ой қосатын, ойды ой жетелейтін дүниелерге ұмтылайық. Осы отыз жылда не бітірдік, неден жаңылдық, оған не себеп деген шыншыл әңгімені бастайық. Тек сынап-мінеп қана қоймай, қайтқан күнде дұрысталамыз, дұрыс жолға түсеміз деген байыпты, ақылды сараптама жасауға тырысайық. Және де бір өтініш; бос айғайды, аттанды азайтсақ, ағайын. Айқайы көп ортада ақыл жоқ, эмоция басым болады, ой тоқтамайды, сіңбейді. Бізге эмоциядан гөрі сабырлы, салиқалы әңгіме, ұлттық компромисс, мәміле керек сияқты».

Айдос САРЫМ,
саясаттанушы

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ

Сайлау жақын, таңдау ше?

10 қаңтар күні болатын мәслихат және мәжіліс сайлауына санаулы күндер қалды. Енді аз күнде саяси доданың шынайы бейнесі айқындалып, жеңімпаздар белгілі болады. Әрине, бірқатар қоғамдық қорлар сайлаудың нәтижелерін алдын ала халықтың пікірін білу арқылы анықтай бастағаны байқалады.

Мысалы, «Астана – Зерттеу» қоғамдық қоры саяси электораттың көзқарасын білу үшін сауалнама жүргізген. Нақты айтар болсақ, бұл 2020 жылғы 25-30 желтоқсан аралығында жүзеге асқан. Сауалнамаға қатысқандар қысқаша жауап берген. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және еліміздің 14 облысынан қор жүргізген сауалнамаға 6800 респондент қатысқан.

«2021 жылғы 10 қаңтарда Мәжіліс және мәслихаттың барлық деңгейіндегі депутаттарды сайлауы өтеді. Сіз бұл жөнінде білесіз бе?» – деген сауалға респонденттің 87,9% сенімді түрде жауап берген. Сауалнама қорытындысына назар аударсақ, ауыл тұрғындарының 90,4 пайызы сайлау өтетіні жайлы толық біледі. Ал қалалықтардың үлесі 86,2 пайыз шамасында болып отыр. Бір назар аударарлығы, әйелдер қауымы сайлау жөніндегі ақпаратты көбірек білетін болып шыққан. Олардың пайыздық үлесі – 88. Ал ер адамдар үлесі 87,7 шамасында болып отыр.

«Сіз немесе Сіздің отбасы мүшелері қандай саяси партияның кандидатымен, сенімді өкілімен, насихаттаушысымен кездесті?» деген сауалға респонденттің 80,5% Nur Otan партиясының өкілдерімен кездескенін атап өтті. Ал 14,2% және 11,9% – «Ақжол» мен Қазақстан халық партиясына тиесілі. Сауалнамаға қатысқандардың 10,9% «Ауыл» партиясының мүшелерімен кездессе, респонденттердің 7,9% «Adal» өкілдерін атаған.

«Егер сіз 2021 жылғы 10 қаңтарда сайлау учаскесіне келген болсаңыз, қай партияға дауыс берер едіңіз?» деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың 73,7% Nur Otan-ды таңдайтынын айтқан. Қатысушылардың 6,8% және 6,4% сәйкесінше «Ақжол» мен Қазақстан халық партиясына дауыс беретіні жөнінде көзқарасын білдірген. Бұдан кейін 4,5% «Ауыл» партиясына тиесілі болса, соңында 3,4% Adal партиясына тиесілі.

Сайлауға санаулы күн қалса да, сауалнамаға қатысқан респонденттердің 5,2% әлі таңдау жасап үлгермегенін айтқан көрінеді. Ал «Астана – Зерттеу» қоғамдық қорының бұл деректері сайлау додасындағы партиялардың қоғамдағы шынайы бейнесін көрсете ала ма? Оны енді уақыт көрсетер. Десек те, қоғамдық қор зерттеуінің қателік коэффициенті 2,1 пайыз шамасында ғана екенін де атап өткеніміз жөн.

Бұл сайлауда «Nur Otan» 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасын ұсынды. Бұл жаңа бағдарлама – аса ауқымды, бірақ нақты жоспарланған, қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген мақсаттар мен бағдарлар жиынтығы. 10 қаңтар күні болатын Мәжіліс сайлауына «Nur Otan» 126 үміткерін ұсынғанын айта кетейік.

Бұрынғы коммунистік деген тіркестен арылып, «халықтық» атқа ие болған Қазақстан халықтық партиясы 2016 жылғы сайлаудағыдай 535 мың дауысқа ие бола ала ма? Мәжілістен 7,14 пайыз орын алып, 7 мандатқа ие болған коммунистер бұл сайлауда әлеуметтік салаға басты назар аударатынын мәлім етті.

Алыстағы елді мекенге барып, сайлаушылармен кездесіп жатқан «Ауыл» партиясының мүшелері осы жолы парламенттен орын алуға үмітті. Соңғы бес жылда 52 мың адам жаңадан мүше болған. 19 адамын депутаттыққа үміткер ретінде ұсынған «Ауыл» партиясын ауылдықтар қолдай ма? Ол енді халық таңдауына байланысты.

10 қаңтардағы Мәжіліс сайлауына 38 адамын ұсынған «Ақжол» -партиясы ел алдына Алаш ұранын ту етіп шықты. Тарихи әділеттілікті қалпына келтіру үшін «Ақжол» демократиялық саясатын партияның ресми бағыттарының бірі етіп жариялады. Бірақ қанша пайыз дауыс алады, ең алдымен оны халықтың таңдауы шешеді.

Бұрын «Бірлік» деген атын өзгерткен «Адал» партиясы бұл жолы қаншалықты нәтиже көрсете алады? Мұны дөп басып айту қиын. Бірақ бұрынғыдай емес, үгіт-насихат жұмыстары өте қызу. Олар парламентке 20 адамын ұсынып отыр.

Қазіргі жүріп жатқан үгіт-насихат жұмыстарынан байқағанымыз, ешқандай партияға қысым немесе кедергі жасалынып жатқан жоқ. Әркайсысы халықпен ашық кездесулер ұйымдастырып жүр. Барлығы да пікірін ашық білдіруде. Кез келген БАҚ-та немесе әлеуметтік желіде олар көзқарасын еркін білдіріп жатыр.

Сайлау додасы барысында бес партия да телеарналарда өткен дебаттарға толық қатысты. Еркін форматта өткен бұл кездесуде партия басшылары мен олардың мүшелеріне кедергі жасалған жоқ. Сұрақтар жүйелі және оған толыққанды жауап алынды. Сондықтан бұл теледебаттың өзі халықтың қызығушылығын тудырып, сайлаушылар осы уақытқа дейін өз көзқарасын айқындап үлгерді деуге негіз бар. Ал сайлауға санаулы күн қалды, енді әңгіме тек таңдауға қалып тұр.

Берік БЕЙСЕНҰЛЫ

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ

ОПЕК+ өндірісті ұлғайтуға келісті

ОПЕК+ Қазақстан мен Ресейге ақпан мен наурызда мұнай өндіруді арттыруға рұқсат етті. Бұл шешім ОПЕК+ қатысушы-елдерінің видеоконференция үлгісіндегі министрлік мәжілісі барысында қабылданды.

Өз кезегінде ҚР энергетика министрі Нұрлан Ноғаев «2020 жылы ОПЕК+ қатысушы-елдерінің бірлескен күш-жігері арқасында қабылданған шешім әлемдік мұнай нарығындағы бағаларды тұрақтандыра алды», деп атап айтқан.

Кездесудің қорытындысы бойынша келісімге қатысушы елдер мұнай өндіруді қысқартудың қазіргі деңгейін 2021 жылдың ақпан және наурыз айларына ұзарту туралы шешім қабылдады. Бұл ретте, Қазақстан мен Ресей үшін осы кезеңдегі өндірісті сәйкесінше тәулігіне 10 және 65 мың баррельге кезең-кезеңмен ұлғайтуды көздейтін жеке шарттары келісілді. Осылайша, ОПЕК+ шеңберінде Қазақстан үшін ақпан және наурыз айларындағы міндеттемелер сәйкесінше тәулігіне 1,427 млн баррельді және 1,437 млн баррельді құрайтын болады, деп хабарлады Энергетика министрлігінің Баспасөз қызметі де.

Жаһандық рейтинг көрсеткіші жақсарған

БҰҰ-ның интеллектуалдық меншіктің ұйлестірілген және тиімді жүйесін құруды мақсат тұтқан агенттігі – Бүкіләлемдік интеллектуалдық меншік ұйымының (БИМҰ) – есептемесіне сәйкес, 2020 жылы ғылыми зерттеулер мен оларды дайындауға шығындар 5,2%-ға өскен.

Соңғы жылдары үкіметтер инновацияларды ынталандыруға үлкен қаржы салуда. Бұл қиыншылықтарға қарамастан бүтіндей кластерлер пайда бола бастаған, әсіресе дамушы елдерде ерекше байқалады, деп БИМҰ атап көрсетеді. Жыл сайынғы инновациялық іс-қимыл рейтингі – 2020 жылғы Жаһандық инновациялық индексте (ЖИИ) 131 ел мен аумақтар қамтылған.

Орталық және Оңтүстік Азия елдері арасында Қазақстан (№77) Үндістан (№48) мен Ираннан (№67) кейін үздік үштік қатарына кіріп отыр. Біздің еліміз 2019 жылмен салыстырғанда рейтингтегі жағдайын екі орынға жақсартқан. 2020 жылы ЖИИ-ға Өзбекстан алғаш рет кірді: бұл ел 93-орынмен шектелген. Одан кейін рейтингте жапсарлас, өткен жылмен салыстырғанда үш орынға ығысқан, Қырғызстан орналасыпты.

CNPC мен «Халық» қоры індетпен бірлесіп күреспек

Қытай ұлттық мұнай-газ компаниясы (CNPC) және «Халық» қайырымдылық қоры коронавирус індетінің жаңа түрімен (COVID-19) күреске 4 млрд теңге бөлді. Бұл туралы Синьхуа ақпараттық агенттігі CNPC компаниясының Баспасөз қызметіне сілтеме жасап хабарлайды.

Қордың қамқоршылық кеңесі бұл ақшаны медициналық жабдықтар мен медициналық бағыттағы заттарды сатып алуға жұмсамақ. Көмек Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау облыстарына, сондай-ақ Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына жөнелтіледі.

CNPC Қазақстанда 1997 жылдан бастап мұнай-газ саласында жұмыс істеуде. Қазақстандағы 23 жыл іс-қимылында бұл корпорация қайырымдылық мақсатта 400 млн доллардан астам қаржы бөлген.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ӘЛЕУМЕТ

ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫ ҚАНША ӨСТІ?

Елімізде биылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы мөлшері 7%, базалық зейнетақы мен мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 5%-ға ұлғайды.

«2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға сәйкес 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 7%, яғни инфляция деңгейінен 2% ілгерілеп арттырылды. Бұл ретте жасы бойынша ең төменгі зейнетақы мөлшері 43 272 теңгені құрады. Базалық зейнетақы төлемінің мөлшері 5% артты. Биыл 1 қаңтардан бастап оның ең төменгі мөлшері 18 524 теңгені құрайды. Нәтижесінде базалық зейнетақы төлемін ескере отырып, ең төменгі зейнетақы мөлшері 1 қаңтардан бастап 61 796 теңгені құрайды. Бұл өсім 2,2 млн зейнеткерге қатысты. Бұдан басқа, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының өзгеруіне байланысты жәрдемақылардың келесі түрлері 5% артты: мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар; мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға мемлекеттік жәрдемақы; бала кезінен I-ші топтағы мүгедекке күтім жасайтын отбасыларға (адамдарға) мемлекеттік жәрдемақы. Айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің ұлғаюына байланысты 1 қаңтардан бастап мемлекеттік арнайы жәрдемақылардың мөлшері 5%, сондай-ақ «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» заңға сәйкес МӘСҚ-дан еңбек ету қабілетінен айрылу және асыраушысынан айрылу жағдайларына төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері де 5% артты.

▶ ТҰРҒЫН ҮЙ

ALTYN BANK – ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУШЫСЫ

Altyn Bank «7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламалары бойынша ипотекалық өтінімдер қабылдай бастады.

Аталған бағдарламалардың операторы «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ болып табылады. «7-20-25» ипотекалық бағдарламасының негізгі артықшылықтары оның атауынан көрінеді. Несиелер жылдық 7% тартымды пайыздық мөлшерлемемен, сатып алынған тұрғын үй құнының 20% бастапқы төлемімен 25 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Осы бағдарлама бойынша жылжымайтын мүлікті тек бастапқы нарықта ғана құрылыс салушыдан сатып алуға болады. Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құны – Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары үшін 25 миллион теңге және Ақтау, Атырау, Шымкент қалалары үшін 20 миллион теңге.

«Баспана Хит» бағдарламасы бойынша Altyn Bank-тің әлеуеті клиенттері ипотекалық несиеге жаңа, сонымен қатар қайталама тұрғын үй сатып алуға өтініш бере алады. Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құны – Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары үшін 35 миллион теңге және Ақтау, Атырау, Шымкент қалалары үшін 25 миллион теңге. Бұл шарттар клиенттер үшін жылжымайтын мүлік таңдау мүмкіндігін едәуір кеңейтеді. «Баспана-Хит» бағдарламасының шарттары бойынша несиелер 15 жылға дейінгі мерзімге беріледі, бастапқы төлем сатып алынған тұрғын үйдің нарықтық құнының кем дегенде 20%-ын құрайды. Ипотекалық қарыз теңгемен жылына 10,75% мөлшерлеме (ағымдағы күнге) бойынша беріледі. Сыйақы мөлшерлемесінің нақты мөлшері несие берілген күні анықталады.

Бағдарламалар бойынша әлеуетті қарыз алушыға қойылатын негізгі талаптар – Қазақстан Республикасының азаматтығы, жасы 21-ден 60 жасқа дейін, расталған кірісінің болуы қажет және төленбеген ипотекалық қарызы, жеке тұрғын үйі болмауы тиіс. «Біз әр клиенттің ипотека бойынша өзіне ыңғайлы және қолжетімді шарттарды таңдай алуын қалаймыз. «7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламаларына қатысу біздің клиенттерге ең қолайлы нарық шарттарымен ипотекалық несие алуға мүмкіндік береді», – дейді «Altyn Bank» АҚ бөлшек сауда бизнесі департаментінің директоры Жанар Шалабаева.

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

«МОНЕТА ШОҚЖҰЛЖЫЗЫ» БАЙҚАУЫНДА ЖҮЛДЕЛІ БОЛДЫ

«Üki» коллекциялық монетасы «Монета шоқжұлдызы» халықаралық байқауында көрермен көзайымы жүлдесіне ие болды.

«Монета шоқжұлжызы – 2020» XIV байқауының қорытындысы бойынша Интернет арқылы жиналған дауыстардың нәтижесінде «Көрермен көзайымы жүлдесі» аталымында Қазақстанның «Üki» күміс монетасы жеңіске жетті. Байқау барысында әлем елдерінің тұрғындары арнайы порталға кіріп, 15 қазан мен 15 желтоқсан аралығында дауыс берген болатын.

Биылғы байқауға 17 елден 26 қатысушы өз монеталарын ұсынған. Олардың арасында Қазақстан, Ресей, Латвия, Қырғыз Республикасы, Польша, Венгрия сияқты басқа да елдердің орталық банктері бар. Бұдан өзге Лихтенштейн, Австралия, Италия, Нидерланд, Франция, Литва, Бельгияның монета сарайлары, сондай-ақ Numiartis (Германия), Power Coin (Италия) және Allcollect GmbH (Германия) сияқты монета дистрибьютерлері өз жұмыстарын ұсынды.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ ЕҢБЕК: ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

Гранттық қаржы қолдан келетін шаруаға жұмсалса игі

> [1]

Гранттық қаржы алуға ұсынылатын жобалардың 50%-дан астамы ательє, үй жағдайында кондитерлік өнімдер өндіруге, сұлулық салонын ашуға бағытталған. Олардың көптігі шаһар аумағында бір-біріне бәсекелестік тудырады. Сонымен қатар алдыңғы және былтырғы жылы гранттық қаржы алғандардың бірқатары еліміздегі коронавирус пандемиясы жағдайына байланысты мемлекеттік қайтарымсыз грантты игере алмаған сынайлы. Мамандар гранттық қаржыны игере алмаушылар қатары өсуде деп аландаушылық білдіріп отыр.

– Қайтарымсыз грант алушылар 200 айлық есептік көрсеткіш шамасында, яғни 555 мың 600 теңге шамасында қайтарымсыз қаржы алды. Жылдың басында бұл сома 530 мың 200 теңге болды. Коронавирус пандемиясына байланысты АЕК шамасы ұлғайтылып, соған орай гранттық қаржы көлемі де өсті. Алайда грантқа қолы жеткендер қатарында өз ісіне жүрдім-бардым қарайтын азаматтар бары өкінішті. Мониторингке қажетті есеп-қисаптарын уақытылы тапсырмайды. Бірен-саран грант алушы мониторинг жасаушыларға «ұстатпай», қашып-пысып жүреді. Мұндай жауапсыз грант алушы азаматтардан міндетті түрде мемлекеттік құрылым тарапынан сұрау болады. Мемлекеттің қаржысы «желге ұшпауы» керек. Сондықтан олардың құжаттары комиссияда қаралып, мемлекеттік грантты кері қайтару үшін сотқа жолданады, – деп түсіндірді Болат Есбек.

Кәсіпкер ретінде құрған жеке кәсіпкерліктері грант қаражатын алғаннан бастап үш ай ішінде құрылып, мемлекеттік кірісіре құрылымдарында тіркелуі тиіс. Мұндай жағдайда жеке кәсіпкерлер есеп-қисаптарын кірістер құрылымдарына үш ай сайын тапсырып отырады. Сонымен қатар қалалық өзін-өзі қамтушылар 2651 теңге көлемінде бір реттік әлеуметтік төлемді ай сайын бір жыл бойына уақытылы төлеп отыруға міндетті. Қалаға іргелес Круглоозерный, Желаев секілді кенттерде тұратын өзін-өзі қамтушылардың әлеуметтік төлемі 1326 теңге шамасында. Осындай төлемдерін уақытылы төлемейтін грант алушылар мемлекеттік грантты мақсатсыз пайдаланған болып есептеледі.

Аталмыш бағдарлама бойынша 2021 жылға республикалық бюджеттен 193 адамға 112 млн 596 мың теңге, жергілікті бюджеттен 41 адамға 23 млн 919 мың теңге бөлінген. Мамандардың айтуынша, бұл, әрине, алдын ала жасалған есептеулерге сүйеніп бөлінген.

– Үйде бала күтімімен отырған қыз-келіншектерге гранттық қаржыны алуға жол ашық. Егер қызметі сақталған декреттік демалыста болса, онда грант берілмейді. Орал қаласында көптеген көп балалы отбасының отаналары грант алып, ол қаржыға қажетті құрал-жабдықтарын сатып алып, үйде отырып-ақ өз кәсіптерін ашып, табыс табуда. Айта кетерлігі, бұған зейнет жасындағылар қатыса алмайды, өйткені бағдарламаға қатысушылар жасы 18 жастан 63-ке дейін деп көрсетілген. Бағдарламаға көпбалалы, аз қамтылған отбасылардың мүшелері, мүмкіндігі шектеулі жандар, 29 жасқа дейінгі жастар, өзін-өзі қамтушылар қатыса алады. Жалпы бағдарламаның көздеген мақсаты – жер-жердегі жұмыссыз адамдардың өз кәсіптерін ашып, оны дөңгелете отырып, өз қолдарын өз ауыздарына жеткізуіне мүмкіндік жасау. Сонда қалада да, ауылда да тұрғындар мемлекеттен әлеуметтік төлем сұрамай, өз күндерін көріп, өздерін асырайтын болса, мемлекет мықты бола түседі, – дейді Болат Есбек.

Мемлекеттік грант қаражаты негізі кәсіпті дамытуға қажетті құрал-жабдық, мал, қажетті керек-жарақты сатып алуға және жалға алатын орынның ақысын төлеуге беріледі. Қаржыны материал, шикізат алуға, айналым қаражатына жұмсауға болмайды. Грантты сауда саласына жұмсауға, соның ішінде стеллаж, тоңазытқыш және т.б. заттар алуға рұқсат етіледі. Осыған орай бағдарламаға қатысушының гранттық қаражаттың қайда, қандай зат алуға жұмсалғаны жөнінде құжаттары, чектары, фото есептері болуы керек.

– Бағдарламаның жаңа бизнес жұмыстарын жүргізе алмай отырғандар, құс сатып алып, оны өсіре алмай, өлтіріп алғандар да бар. Қалаға іргелес ауылдардан мал сатып алып, малымды аудандағы бір ауылға апарып қосып қойдым деп жүргендерге, малды қай жерде өсіремін деп алдыңыз, сол жерде ұстау керек деп түсіндіреміз. Сондықтан қайтарымсыз грантты өзінің икемі бар, қолынан келетін шаруаны бастауға жұмсау керек, – деді Болат Есбек.

Былтыр бағдарламаға қатысушыларға жеңілдетілген несие беруге 500 млн теңге бөлініп, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ филиалы арқылы берілген. Орал қаласынан 53 адам несие алды. Олардың 20-сы жұмыспен қамту орталығы мекемесінің жолдамасымен, өзгелері жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлікті дамытуға алған. Мұндай несиенің шартына келсек, несие 5 жылға 6%-дық мөлшерлемемен 1,5 млн теңгеден 16 млн 400 теңгеге дейін берілді. Сонымен қатар көпбалалы және әлжуаз отбасыларға 4%-бен 7 жылға ұсынылады. Оралдан 2 көпбалалы отбасы және кәсіптерін жүргізіп отырған азаматтар осындай несиеге қол жеткізді. Несие алғандардың басым көпшілігі несие қаржатын азық-түлік сатуға, сауда-саттыққа жұмсайды. Одан басқа әйнек пакеттері өндірісі, идеяларды іске асыру бойынша мемлекеттік гранттар беру деген 2-ші бағыты бойынша грант алуға қол жеткізген адамға кәсібін бастауға үш ай мерзім беріледі. Грантты алу оңай көрінгенмен, жобаны іске асыруда қиындықтар туындауы ықтимал. Қазіргі уақытта «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ филиалы арқылы берілген. Орал қаласынан 53 адам несие алды. Олардың 20-сы жұмыспен қамту орталығы мекемесінің жолдамасымен, өзгелері жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлікті дамытуға алған. Мұндай несиенің шартына келсек, несие 5 жылға 6%-дық мөлшерлемемен 1,5 млн теңгеден 16 млн 400 теңгеге дейін берілді. Сонымен қатар көпбалалы және әлжуаз отбасыларға 4%-бен 7 жылға ұсынылады. Оралдан 2 көпбалалы отбасы және кәсіптерін жүргізіп отырған азаматтар осындай несиеге қол жеткізді. Несие алғандардың басым көпшілігі несие қаржатын азық-түлік сатуға, сауда-саттыққа жұмсайды. Одан басқа әйнек пакеттері өндірісі, көлік жөндеу, жиһаз, ағаштан бұйымдар жасау орындарын ашуға және жүк тасымалына, арнайы көлік сатып алуға жұмсаған. Өндіріс ашуға несие алушылар жоқтың қасы.

Батыс Қазақстан облысы

Мейрамгүл НЫҒМЕТУЛЛИНА, Орал қаласындағы «Комплимент» сұлулық салонының иесі, жеке кәсіпкер:

– «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру» II бағыты аясында былтыр шілде айында 200 АЕК (555 600 теңге) көлемінде қайтарымсыз грант алдым. Бұрын құрал-жабдығым болмағандықтан, өзгелердің қол астында жұмыс істедім. Гранттық қаржыға тырнақ әрлейтін керек-жарақ, визажист үстелін, педикюр креслосын және басқа да жабдықтарды сатып алдым. Кезінде мұнай-газ саласына оқыған едім. Жұмыс таба алмаған соң, студент кезімнен айналысқан кәсібімді қолыма алғаныма бес жыл болды. Қаланың 6-шағынауданындағы «Клондайк» сауда үйінен айына 45 мың теңгеге орын жалға алып, келушілерге қызмет көрсетудемін. Оралда, Нұр-Сұлтан қалаларында кәсіби білім-білігімді шыңдайтын ақылы білім курстарына қатысып, небір шеберлерден сабақ алдым. Табысым жаман емес, 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастарға қайтарымсыз грант беріп, қолдау-көмек көрсететін мемлекеттік бағдарламаның арқасында кәсіпкерлік жолына түстім. Маған қолдау көрсетіп, кеңестерін аямаған жұмыспен қамту орталығының мамандарына рахмет айтамын.

Гүлдана СӘНКІБАЕВА, Круглоозерный кентінің тұрғыны, АӘК алушы, көп балалы отбасы:

– «Еңбек» бағдарламасының «Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру» деген екінші бағыты аясында былтыр маусым айында 200 АЕК көлемінде қайтарымсыз грант алдым. Бала кезімде әке-шешем қаз өсіретін, сондықтан гранттық қаржыға қаз өсірушілерден 100 қаздың балапанын сатып алдым. Басында балапандарға ветеринарлық дәріханалардан дәрумендер, арнайы жем сатып алып жүрдім. Уақыт өте келе оларға 25 келілік қабы 8 мың теңге тұратын ұсақталған жем, одан кейін бес ай болғанда «тірі» жем беріп жүрдім. Инкубатордың балапандары әлсіз болады екен, жауын-шашынды көтере алмай тең жартысы өліп қалды. Қазір қолымда қалған 40 қазды сойып, келісін 2,5 мың теңгеден сатудамын. Жаңа жыл қарсаңында алушылар аз емес.

Алдағы уақытта қазды жүздеп емес, 10-20 шақтыдан өсірсем деп жоспарлап отырмын. Сондықтан 10 шақты қазды өсіруге алып қалмақпын. Инкубатор сатып алып немесе жұмыртқаны қаздың өзіне бастырып өсіруді де ойлап отырмын. Қалай болғанда да, мемлекеттік бағдарлама ой-пейілімді өзгертті. Қазіргі заманда мемлекетке қарап отырмай, қосымша табыс табу керек деген ойға келдім. Оның үстіне қаз асырағалы үлкен ұлым Мақсат маған қолғабыс етіп жүр. Балаларды еңбекке тәрбиелеу үшін де қаз өсіргім келеді.

Гүлбаршын СИСЕНОВА, Зашаған кентінің тұрғыны, өзін-өзі жұмыспен қамтушы:

– Биыл тамыз айында «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының екінші бағыты бойынша 555 600 теңге қайтарымсыз гранттық қаржы алдым. Өзім көпбалалы анамын әрі кішкентайыммен үйде отырмын. Қолым босай қалған кезде балапандарыма түрлі тәтті пісіретінім бар-тұғын. Сол хоббиімді кәсіпке айналдыруға бел будым. Жұбайымның жалғыз табысына қосымша болсын дегенім ғой. Содан гранттық қаржыға газ плита, тоңазытқыш, стационарлық миксер және басқа да керек заттарды сатып алдым. Енді газ плитаның пешінде торттың небір түрін, самса, пирогтар, ет қосылған нан, басқа да кондитерлік тағамдар пісіріп, айналама, таныстарға ұсынудамын. Әлеуметтік желі арқылы да аз-мұз тапсырыстар қабылдаймын. Осы бағытағы шеберлік сағаттарына да қатысамын. Қазірдің өзінде тұрақты клиенттер қатары қалыптасты. Осылайша мемлекеттік бағдарламаның, мемлекеттің көмек-қолдауымен отбасылық бюджетіме кіріс кіргізіп, отбасымның берекесін арттыруға ұмтылудамын.

Айнагүл ӘЛЖАНОВА, Круглоозерный ауылының тұрғыны, «Әлжанова» жеке кәсіпкерлігінің жетекшісі:

– Орал медициналық колледжін, одан кейін Орынбор жоғары медициналық колледжін бітіргенмін. Бұрын Орал қаласындағы №5, №6 емханаларда, перзентханда, Круглоозерный ауылындағы дәрігерлік амбулаторияда еңбек еттім. Аталмыш мемлекеттік бағдарлама туралы газеттерден оқып біліп, өзімнің дәрігерлік кабинетімді ашуға бел байладым. Содан «Бастау-Бизнес» кәсіпкерлік курсында оқып, бизнес жазда қайтарымсыз грант алып, гранттық қаржыға қажетті медициналық жабдықтар сатып алдым. Соның ішінде қан қысымын өлшегіш, пульсокиметр, тепловизор, кушеткалар, система салатын жабдықтар, одан басқа да қажетті заттар алынды. Қазір Круглоозерный ауылында «АйнаМед» процедуралық кабинетімі жұмыс істейді. Ауылда дәрігерлік амбулатория бар, бірақ маған келушілер де аз емес. Мемлекеттік әлеуметтік медициналық сақтандыру құжаты жоқ тұрғындар және амбулаториядағы кезекті ұзартпайтын жандар маған ем-домға, ине салуға, система салуға келеді. Мемлекеттік бағдарламаның көмегімен жеке бизнесімді ашқаныма қуаныштымын. Мемлекеттің өзі қайтарымсыз қаржы ұсынып, «мына қаржыға бизнес ашып, кәсібіңді дамыт» деп тұрғанда, оны қалайша пайдаланбасқа? Сондықтан мұндай мүмкіндікті жіберіп алмаңыздар дегім келеді.

АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ

Өркенді кәсіпорындар шоғыры

> [1]

Яғни, бұл ел азаматтары үшін баспана қолжетімділігін барынша арттырып, республиканың құрылыс индустриясына жаңа леп әкеледі. Құрылыс уақыты қысқарады, әдеттегі қалдықтар болмайды, сапаны сақтаумен тұрғын үйдің құны төмендейді. Жаңа технология жайлылық класындағы үйдің нарықтық құнын едәуір төмендеткенімен, бұл құрылыс сапасына еш әсер етпейді.

Кәсіпорын темірбетон бұйымдарын – блок-бөлмелер шығарады, олардан LEGO конструкторы қағидаты бойынша тұрғын үйлер немесе әлеуметтік инфрақұрылым нысандары салынады. Әзірге зауыттың бірінші кезегі енгізілді, оның өндірістік қуаты – 200 мың шаршы метр. Ал 2 және 3-кезек енгізілгеннен кейін зауыт қуаты 1000 шаршы метрге дейін ұлғаяды. Компанияда 500 адам жұмыс істейді, зауыттың кеңеюімен жұмысшылар саны 1000-ға дейін артатын болады.

Индустриялық модульдік үй құрылысының жоғары экологиялық таза болуына керамзитбетонның қолданылуы және шаңды жұмыстардың зауыт цехында жүргізілуі арқылы қол жеткізіледі. Ал қос қабырғалар, едендер мен төбелер есебінен жылу және шудан оқшаулау қасиеттерінің сапалық көрсеткіштері артады. Айта кететін жайт, бұл технология Германияда аз қабатты құрылыс үшін және Сингапурде 30-40 қабатты тұрғын үй мен коммерциялық ғимараттар үшін белсенді қолданылады.

Ендігі кезекте мұндай зауытты Алматыда да салу жоспарланып отыр. «Алматы – еліміздің ірі қаласы. Модульдік технология осы өңірде заманауи және қолжетімді тұрғын үй салуды жаңа деңгейге көтеретініне сенімдіміз. Қазіргі уақытта біз бірқатар тәжірибелік зерттеулер жүргізіп жатырмыз», – дейді Modex даму жөніндегі директоры Адат Әділхан.

Сондай-ақ, биыл әлемді жайлаған пандемияға байланысты барлық қиындықтарға қарамастан, бетон және газоблок өндіретін Баракат Инвест зауыты цемент және гипс негізінде құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру цехын ашты. Енді зауытта гипстық сылақ, құймалы еден, газоблок пен кафельге арналған желім шығарылады. Өндірісте жергілікті қазақстандық шикізат, мысалы, Қабанбай батыр ауылынан құм, Волгодоновка мен Аршалы ауылдарынан қиыршық тас жеткізіліп, пайдаланылады. Өндірісті кеңейтудің арқасында қосымша 10 жұмыс орны ашылды. Жақын арада 2-ші желіні іске қосу жоспарланып отыр.

«Үкіметтің өнеркәсіптік саясатты сауатты жүзеге асыруының арқасында серіктестік жұмысы қыста тоқырап қалмады. Өйткені, қалада құрылыс жұмыстары, әсіресе, тұрғын үйлердің құрылысы қызу жүріп жатыр. Сонымен қатар, тұрғын үй сатып алу үшін әртүрлі жеңілдіктер беретін мемлекеттік бағдарламалар іске қосылды. Мұның бәрі біздің кәсіпорынның өніміне деген сұранысты арттырады», – дейді зауыт директоры Ержан Байм ұқаш.

Оның айтуынша, өндіріс орны М100-ден М1000-ға дейін дайын бетон шығарады. Жалпы қуаттылығы сағатына 300 текше метрді құрайтын кәсіпорын барлық ірі құрылыс салушылармен серіктестікте жұмыс істейді. «Пандемия іскерлік белсенділіктің төмендеуіне ықпал еткені сөзсіз. Көріп отырғанымыздай, іс жүзінде шағын және орта бизнес ең көп зардап шекken. Бұл біріншіден, қызметтер мен тауарларға деген қажеттіліктің азаюымен, екіншіден шығындардың өсуімен байланысты. Қалай болғанда да, компаниялар аптасына екі рет зарарсыздандыру, адамдарды тасымалдау және қызметкерлер мен олардың отбасыларын емдеу шығындарын көтереді. Бірақ карантин кезеңінде біз жұмысымызды жалғастырдық. Жауапты компания ретінде біз бұл қиын сәтте бізден гөрі қиын кәсіпорындар, адамдар бар екенін түсінеміз», – дейді кәсіпорын басшысы.

Сол секілді, өткен жылы индустриалдық паркте полиэтилен, полипропилен құбырларын, сондай-ақ пенополиуретанды оқшаулауда металл жылу оқшаулағыш құбырларын шығаратын Kerim Plastic Pipes зауыты ашылды. Айта кетерлігі, оларды ілгерілетумен басқарушы компания айналысады. Бұл ретте парк өнімдерінің тұтынушылары тек құрылыс салушылар ғана емес, сондай-ақ парктің өнеркәсіптік кәсіпорындары да бола алады. Соңғы мысалдардың бірі – Kerim Plastic Pipes бен LED Solution компанияларының өнеркәсіптік жарақтандыру аспаптарын жеткізуге шарт жасасуы. Кәсіпорын көршілік LED Solution зауытында өндірілген энергия үнемдеу аспаптарымен жарақтандырылады. Осындай ынтымақтастықта екі қатысушы да логистика, кепілдік және қызмет көрсетуде айқын артықшылықтарға ие болады.

Ал Central Beton Company жаңа кәсіпорнында тәулігіне 3 мың текше метр бетон өндіріледі. Сондай-ақ компанияның теміржол тұйығында қоймасы бар, онда бір мезгілде 3 мың тоннаға дейін цемент сақтауға болады. Кәсіпорын ең жаңа технологияларымен, өндірістің экологиялық тазалығымен, алдыңғы қатарлы неміс жабдықтары және бетонның жоғары сапалық сипаттамаларымен ерекшеленеді. Бұл бетонды қайта өңдейтін өндірісі бар жалғыз зауыт болғандықтан, толық, қалдықсыз, аяқталған өндірістік цикл жолға қойылған. Бүгінде серіктестік өнімі Нұр-Сұлтан қаласында және Ақмола облысының аумағында таратылады. Эпидемия немесе құрылыс жұмыстары әдетте тоқтатылатын қысқы маусым өндіріс қарқынына әсер еткен жоқ. Онда 150-ден астам адам күндізгі және түнгі ауысымда тоқтаусыз жұмыс істейді. Компания екі жаңа құрал-жабдық сатып алып, өндіріс қуатын 80%-ке арттырды. Осының арқасында 30 жаңа тұрақты жұмыс орны құрылып отыр.

Индустриалдық парктегі тағы бір ірі зауыт – Болашақ 2019 медициналық бетперделер шығарады. Кәсіпорын дайын өніммен елорда халқын қамтамасыз етеді және еліміздің барлық өңірлеріне жеткізеді. «10 маусымда бізге құрал-жабдықтар келе бастады. Содан кейін оны әзірлеп, жұмысқа қызметкерлер қабылдауға кірістік. Ал 20 шілдеден бастап сынақ режимінде жұмысқа кірісіп, қызметкерлерді де қатар оқыту басталды. Кәсіпорын жолағы сынақ режимінде екі миллионға жуық маска шығарды», – дейді «Болашақ 2019» ЖШС техникалық директоры Ғабит Нүсіпов.

Толық өндірістік қуат – айына 5 миллион бетперде. Медициналық маскалардың ерекшелігі – сүзгі қабатына жоғары қорғаныс қасиеті бар және су өткізбейтін материал қолданылады. Компания «Біз біргеміз» акциясы аясында қалалық емханаларға маска жеткізіп берген-ді.

Жалпы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің мәліметі бойынша, биыл №1 индустриалдық парктің аумағында 5 жаңа кәсіпорын салынып, пайдалануға берілді.



НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ӨҢІРЛІК ДАМУ: ИНВЕСТИЦИЯ

ІРІ ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында 900 млрд теңгенің 53 инвестициялық жобасы жүзеге асырылады.

Осы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде жаңадан 7 мың жұмыс орны ашылады. Облыс әкімі баспасөз қызметінің мәліметіне сәйкес, өткен жылдың 11 айында өңірге тартылған инвестиция 20,4 %-ке артқан. Бұл республикалық орташа көрсеткіштен анағұрлым жоғары. Жалпы облысқа 2019 жылмен салыстырғанда 36,9 млрд теңге артық, яғни барлығы 226 млрд теңге инвестиция келген. Өңірде 900 млрд теңгенің 53 инвестициялық жобасы іске қосылмақ. Нәтижесінде жаңадан 7 мың жұмыс орны құрылады деген жоспар бар. Биыл облыста кірпіш зауыты, автоклавты кірпіш пен плиталарды шығаратын кәсіпорын ашылады. Қаңтар айында фанера комбинаты жұмысын бастайды. Петропавлдағы ірі кәсіпорын «Радуга» ЖШС қағаз өндірісін жолға қоймақ. Бұған дейін биг-бэг, термос вагондар өндірісі іске қосылды. Қазір ірі жоба – Дата-орталықтың құрылысы жүріп жатыр. «2019 жылдың соңында облыста «Qyzyljar» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Бұл біздің кәсіпкерлер мен инвесторларға тиімді. Оларға салықтық және кеденді жеңілдіктер жасалады. Бір жылдың ішінде біз 3 жобаны бастадық, олар: электртехникалық қондырғы шығаратын кәсіпорын, көпсалалы облыстық аурухана және ауыл шаруашылығы техникасын шығаратын немістің «CLAAS» компаниясы зауытының құрылыстары», – дейді облыс әкімі Құмар Ақсақалов.

Өңірде болашағы зор инвестициялық жобаларды іске қосу арқылы алдағы 5 жылда өнеркәсіптік өнімді 70-80 млрд теңгеге арттыру көзделіп отыр.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – 2020

БАҒДАРЛАМА НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАМАН ЕМЕС

Былтыр пандемияға байланысты туындаған қиындықтарға қарамастан, Кереку өңірінде халықты жұмыспен қамту шаралары тоқтаған жоқ.

Осы кезеңде атқарылған әлеуметтік жобалардың қорытындыларына сүйенер болсақ, өткен жылы облыста 33,2 мың адам жұмысқа орналасқан. 16 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны құрылған. «Жұмыспен қамту жол картасы бойынша 227 жоба қолға алынып, 6,4 мың адам қызметке тұрды. Бағдарлама өңір бойынша 93,4%-ға аяқталды. «Бизнес бастау» жобасы шеңберінде 1750 адам оқытылып, оларға жалпы сомасы 2,4 млрд теңгеге несие берілді. Сонымен қатар, жаңа бизнес-идеяларды дамыту үшін 1971 грант бөлінді. Дағдарысқа қарсы шаралар экономиканы тұрақтандыруға ғана емес, халықты әлеуметтік қолдауға да бағытталды. Мәселен, 294,8 мың адамға әлеуметтік көмек берілді. 5353 отбасыға (немесе 22454 адам) атаулы әлеуметтік көмек, 4008 балаға (1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға АӘК алушылар ішінен кепілдендірілген әлеуметтік пакет) азық-түлік және тұрмыстық заттар, төтенше жағдай кезінде 172 мың адамға 42500 теңге және мамыр-маусым айларында 57 мыңнан астам адамға (жеке шоты бар азаматтарға) коммуналдық қызметтерді өтеуге көмек берілді», – деп хабарлады Павлодар облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Сондай-ақ өңірде халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыс айтарлықтай. Обыста былтыр жыл басынан бері 31 көп қабатты тұрғын үй құрылысы басталған. Осы ретте тұрғын үй құрылысы саласындағы өсім 1,4%, ал облыс бойынша жалпы құрылыс секторындағы өсім көрсеткіші 13%-ды құрады. Нәтижесінде әлеуметтік қорғауға алынған 1045 адам баспаналы болды. Бұл 2019 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 5 есе көп.

ЭКОЛОГИЯ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ

Бес жылда еліміздің орман алқаптарында 2 миллиард түп ағаш отырғызылады.

Бұл туралы экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында айтты. «Қазақстан орман алқабы аз мемлекеттер қатарына жатады. Орман қорына жататын жерлердің жалпы көлемі 30 млн гектарды құрайды. Яғни республикамыздың 11%-ын ғана алып жатыр. 13 млн гектар жерде орман өсуде. Ормандылық көрсеткіш 4,8% құрайды. 2030 жылға қарай елдегі орман алқабы көлемін 5%-ға дейін ұлғайту жоспарлануда», – деді министр.

Мағзұм Мырзағалиев 5 жыл ішінде орман алқаптарында 2 миллиард, сондай-ақ елді мекендерде 15 миллион түп ағаш егілетінін атап өтті. Бұл бағытта министрлік облыс әкімдіктерімен бірлесіп өңірлер бойынша ағаш отырғызу көлемдерін анықтаған. Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша қазіргі уақытта орман алқаптарын көбейту мен орман өсірудің кешенді жоспарын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры
e-mail: Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Заман экономикалық сауатты талап етуде

Өткен дәуір классигінен қалған «сананы тұрмыс пен болмыс билейді» деген қанатты сөз бар. Қаңтардың қақаған аязын ілестіріп табалдырығымыздан аттаған Жаңа, 2021 жыл мемлекетіміз бен халқымыз алдынан шұғыл шешуді талап ететін шиеленіскен түйіндерді, тігісін жатқызуды қажетсінетін қордаланған түйткілдерді тосып, табиғаттың тосын сыйларын тартып жатса, таңғалмағанымыз, қандай сын-сынаққа да төтеп беруге дайын болғанымыз құмбыл. Сонымен қатар мұның өзі экономика мен әлеуметті басқарудың қай деңгейіне де қатысы бар ахуал екендігін түйсінгеніміз абзал. «Ескі бише отырман бос мақалдап» деп кезінде ұлы Абай айтқандай, қалам иелері болса бұрынғының жазғыштарындай «мерейлі міндеттер мен мәртебелі мақсаттарды, ұлан-асыр қайта құруларды, реформаларды» дерексіз дәріптегенмен аулақ болғаны жөн.

Тілге тиек етіліп отырған осынау мақсат-міндеттердің, реформалардың, жоба-жоспарлардың көздегені халықтың жағдайы, қаймана жұрттың адамы ахуалда тұрмыс кешуі болуға тиіс. Бұл орайда ауызға алдымен оралатыны мемлекет қолға алып жатқан іс пен тірлік. Осы тұрғыда көкейге келетін көп жәйттың басын мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өткен жылғы қырқүйектің басында жария етілген «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауы ашып берген болатын. «Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндет – өнеркәсіптік әлеуетімізді толық пайдалану», делінген болатын онда. «Осы саладағы табыстарымызға қарамастан, ішкі нарықтың зор мүмкіндіктерін әлі де болса толықтқанды жүзеге асыра алмай келеміз. Өнделген тауарлардың үштен екісіне жуығы шетелден әкелінеді». Ал, азық-түлік экспорты мен импорты жөніндегі әңгіме бөлек. Бұл туралы Президент «агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі қолданыстағы мемлекеттік бағдарлама келесі жылы аяқталады. Үкіметке бизнес өкілдерімен бірлесіп, агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі жаңа ұлттық жобаны әзірлеуге кірісуді тапсырамын. Негізгі міндеттеріміз: әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен өзімізді толық қамтамасыз ету; миллиондаған ауыл тұрғындарының табысын арттыру; өнбек өнімділігін екі жарым есе көбейту; агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспортын екі есе арттыру», деп атап өтті. Сондай-ақ пандемия және дағдарыс жағдайында мемлекеттік басқару жүйесі бар күш-жігерін жұмылдырып жұмыс істеуі үшін «тікелей Президентке бағынышты болатын Стратегиялық жоспарлау және реформалар агентігін құру туралы шешім қабылдадым... Тез өзгеріп жатқан ахуалға шынайы баға беру үшін Статистика комитеті Агенттік құрамына беріледі», деп мәлімдеді Президент.

Бұл Жолдаудың көзқарақты қауым үшін басты жаңалығы – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы. Расында да, баспасөз дерегіне сәйкес Мемлекет басшысы әлеуметтік желі арқылы тапсырма беруді қолайлы санайды екен. Жолдау жария болғаннан кейін орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың басшылары әлеуметтік желілерде ресми аккаунттарын ашып, кейбірі жеке байланыс телефондарын жариялау арқылы халықпен жедел кері байланыс орнатуға көңіл бөле бастаған. Осы ретте айтарымыз – қоғамның белсенді өкілдері халықтың мұң-мұқтажын жоғарыға жеткізумен ғана емес, жыл басында атқамінерлер мен саясат серкелері үйіп-төгіп беретін уәделердің, міндеттемелердің, жоба-жоспарлар мен реформалардың іс жүзіне асырылуын қас қақпай қадағалап отырғандары жөн. Әсіресе бұл жоғарыда айтылған Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі мен «оның құрамына берілген Статистика комитетінің» жұмысына қатысты. Өйткені, бұдан бұрын да іс басында болған аталмыш агенттіктің қызметі халайық пен мамандардың көңілінен шықты деп айта алмаймыз. Ал, статистикалық қызметке келсек, бұл мекеме «асырып та, жасырып та жазатыны» үшін сонау кеңес кезінен бері сынға ұшырап келеді. Жуырда әріптесімізі Мақсат Халық «жаңа тарихқа көз салсақ, жыл сайын жаңа бағдарламалардың ашылып, ескілерінің ұмыт қалғанын көреміз. Орындалмай ұмытылып кеткен жобалардың саны жиырмадан асады», деп атап өтті. Нақтыласақ, Қазақстан – 2030, Бәсекеге қабілетті 50 мемлекет, 30 корпоративті көшбасшы, Экономика чемпиондары, үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі ҮИИД, ҮИИД-2 бағдарламалары... «Осы тізімді жалғастыра беруге болады. Бағдарламалардың барлығы экономиканы әртараптандыру жолында әзірленгенін айта кетейік. Енді осы жұмыспен арнайы құрылған экономиканы реформалау жөніндегі кеңес айналысып, ол да жаңа жоспар, жаңа стратегия қабылдатар. Бірақ одан нәтиже бола ма?» деп сауал тастайды экономист. Маманның ойынша ұлан-асыр жоспарлардың «аяқсыз қалатын себебі – бір бағдарламаға басынан аяғына дейін жауап беретін адамның жоқтығы. Бағдарламаға ақша бөлінген кезде сол жақта бір беделді қаржылық топ болады. Ақша таусыла бастаған кезде бағдарлама талан-таражға ұшырайды да, әдейі ұмытылып, нәтижесінде кімнен жауап алатынымызды білмей жатамыз. Ең үлкен олқылық осы». Бұған қосарымыз – жауапты тікелей орындаушылардан сұрау керек, оны көзқарақты, экономикалық сауатты халық талап етуі тиіс.

Дәстүрге сай жыл басында үміт пен күдігімізді таразыға тартып, болашаққа қатысты жоба-жоспарларымызды ұсынамыз. Бірақ өткенімізді сын көзімен шолып, өз-өзімізге есеп беріп отыру әзірге әдетімізге енбейі, қанымызға сіңбей отыр. Алдағы міндеттер үдесіне күш-жігерімізді сарықпай, шаршап-шалдықпай жету, қиын кезеңнен қиналмай шығу үшін жауыды жаба тоқымай, барды-бар, жоқты жоқ деуіміз керек.

НҰРЛЫ ЖОЛ – 2025

Ұлттық сапа орталығының игі істері

Осыдан бір жылдай бұрын Үкіметтің кезекті отырысында 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы қорытындыланып, 2020-2025 жылдарға арналған жобасын іске асыру қолға алынған болатын. Соның аясында еліміз экономикасындағы аса маңызды сала – автомобиль жолдары құрылысы, оларды жөндеу және қалыпты күйде күтуіне көңіл бөлу жұмыстарына жете мән берілді. Осындай игі істерді жүзеге асырумен тікелей айналысу мақсатында арнайы «Жол активтері ұлттық сапа орталығы» РМК құрылып, ол бірталай оңды шаралар ұйымдастырған болатын. Төменгі шолуда кәсіпорын Баспасөз қызметінің жетекшісі Нұрбол АЛМАНОВ тындырылған жұмыстары туралы әңгімелейді.

2020 жылы «Жол активтері ұлттық сапа орталығы» РМК мамандары 26 400-ден астам жол-құрылыс материалдарынан сынама алған. Солардың қорытындысына сәйкес: 6 мыңнан аса талапқа сәйкес еместік анықталып, 9 мыңнан астам кемшіліктер (бұзушылықтар) анықталды. 2,5 млрд. теңгеден астам қайта құру ұсынылды. Бүгінде оның 2 миллиардтан астам теңгесі бойынша кемшіліктер жойылған.

Кәсіпорын маман-қызметкерлерінің тағы бір маңызды қызметі – аспаптық диагностика жүргізу. Осы негізде жылжымалы зертханалардың көмегімен жартылай автоматты режимде жол жағдайының геометриялық параметрлері мен техникалық жай-күйі зерттеледі.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің тапсырмасына сәйкес, алғаш рет республикалық 16 мың км жолдарға диагностика жүргізілді. Қазіргі уақытта 10 мың шақырымнан астам жолды зерттеуден өткіздік. Соның нәтижесінде тексерілген жолдардың 78% тегістігі бойынша талапқа сай, 50% қауіпсіз болып саналатыны анықталды.

Бүгінгі күнге дейін күрделі күйінде қалып келе жатқан маңызды проблемалардың бірі – жол саласындағы қызметтердің қай-қайсысына да мамандар жетіспейді. Бұл бағытта биыл-дан бастап біз оқушылар арасында жол мамандығының артықшылықтарын насихаттап, кәсіби бағдар беру жұмыстарын қолға алдық.

Қазір біз «1000 мектеп» науқанын аяқтадық. Төтенше жағдай кезінде де осынау маңызды шарамызды тоқтатпай, біз оны онлайн режимде жалғастырдық. Бүгінгі таңда республика бойынша барлығы 7 391 мектептің 1153 мектебі қамтылып (15,6%) немесе шамамен 115 000 оқушы осы шараға қамтылған.

Сондай-ақ мұндай игі шараны біз жоғары оқу орындарында да үйлесімді жалғастырып, жаз айларында 45 студенті ақылы тәжірибеге тарттық, олардың кейбірі осы күнге дейін бізбен тығыз бірлестіктегі жұмыстарын одан әрі жалғастырып келеді.

Біздің салада сыбайлас жемқорлық тәуекелдері өте жоғары екенін мойындауымыз керек.Орын алып отырған жемқорлық фактілері сапасыз жолдар салдарынан екені де жасырын емес. Дүниежүзілік банктің зерттеуі бойынша жолдың өмірлік циклінің 40%-ы материалдар мен жасалар жұмыс сапасына байланысты болып табылады. Яғни, сапалы жұмыс жасалса, қоспа материалдар бар талапқа сай болса, өміршеңдігі екі есе жуық артады деген сөз.

Ішкі тәуекелдерге келетін болсақ, біз парақорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің ISO 37001 аттестациясынан өтуді жоспарлап отырмыз. Кәсіпорын құрамында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаумен және алдын алумен айналысатын «комплаенс офицер» жұмыс істеуде.

Жол саласында жемқорлық фактілері жиі кездеседі деп айтып жатады. Мақсатымыз – осы жол саласы мен жемқорлықтың арасын алшақтату.

Жемқорлық жайттары орын алмауын қатаң қадағалау мақсатында «KAZ ROAD LAB»/Қазақ жол зертханасы/ жүйесін енгізіп жатырмыз. Яғни, инженер көшеден материалға сынама алған кезден бастап: оның қай жерде тұрып, жұмыс жасап жатқанынан бастап, жазбалары толықтай планшетке түседі. Ол цифрлы код арқылы Орталыққа нақты мәлімет болып келеді.

Тағы бір маңызды мәселе – қай жұмыстың болмасын халыққа ашық болуы. Ал, біз әрқашан халыққа ашықпыз. SAPAORTALYGY.KZ ресми сайтымыз жұмыс істеп тұр. Таяуда ғана You Tube әлеуметтік желісінде JOL. KZ арнасын аштық. Біздің өкілдеріміз барлық облыстар мен республикалық маңызы бар қалаларда бар. Фейсбук, инстаграмм, телеграмм сияқты әлеуметтік желіде парақшаларымыз бар, ондағы жаңалықтар жедел әрі тұрақты түрде жаңартылып тұрады.

Тың бастама ретінде тағы бір айта кетерлік жайт, еліміздің барлық өңірлерінде «Халықтық бақылау» мониторингтік тобын құрдық. Оның құрамына қоғам белсенділері, мәслихат депутаттары, «Нұр Отан» партиясының, прокуратура мен жергілікті әкімдік мүшелері, журналистер және блогерлер кірді. Барлығы 104 адам. Олар халықты толғандырған жол сапасы бойынша әлеуметтік желідегі мәселелерді жан-жақты талқылайды.

Баспасөз қызметінің белсенді іс-қимылын Орталық жұмысын әлеуметтік желілерде кеңінен насихаттауы да айғақтайды. Көпке танымал сол желілерде 21 000-нан астам жазылушы мен оқырман бары да осыны дәлелдесе керек. Бір ғана Instagram желісінде 2000-нан астам жарияланымдар жайғасқан. Күн сайын Орталықтың әлеуметтік желілердегі ресми беттерінде тың жаңалықтар мен фотолар жарияланып, сондай-ақ видеотүсірілімдермен толықтырылып отырады.

Тамыз айынан бастап «Жол активтері ұлттық сапа орталығының Орталық аппарат және барлық филиалдары Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшаларында тікелей эфирлерді белсенді түрде өткізе бастады. Атап айтқанда, тамызда бас директор орынбасарлары, филиал директорлары қырқүйекте, зертхана менгерушілері қазан айында атқарып жатқан жұмыс тәжірибелерімен бөлісіп, көпшілік талқысына ұсынды. Мұны алдағы жылы да жақсы дәстүрге айналдыруды көздеп отырмыз.

COVID-19 пандемиясына байланысты «Біз біргеміз» челленджіне қолдау көрсетілді және Орталықтың ресми беттерінде, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі филиалдардың беттерінде 34 толқыңқанды #bizbirgemiz бейнеролигі жарияланды.

«ЖАҰСО» РМК-ның әрбір филиалы әлеуметтік желілерде «Мен болашақ жолшымын», «Мамандық – мақтаныш» («Менің мамандығым – менің мақтанышым») атты бейнечелленджде дайындап, жариялады. Осы ретте 32 бейнеролик дайындалып, эфирден өткізілгенін айта кеткен орынды.

2020 жылы 29 қазанда ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Жол активтері ұлттық сапа орталығының бас директоры Замир Сағынов Қазақстанда жол жүру мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне қатысты баяндама жасады. Республикалық және өңірлік БАҚ-та брифинг туралы 61 жарияланым шықты. Сондай-ақ брифинг жарияланымы әлеуметтік желілерде 6000 реттен астам қаралған.

Материалдармен жұмыс сапасына сараптама жүргізу бойынша ЖАҰСО-ның әр филиалы 10 бейнеролик дайындады. Ал, түптеп келгенде, бұл 170 ролик жол мамандарының оқу құралы ретінде пайдаланылып, саладағы кәсіби мамандар тапшылығы кезінде таптырмас методикалық видео оқулық деп қабылдаса да болғандай.

Қорытынды есептемелерге сәйкес, Ұлттық сапа орталығының баспасөз қызметі кәсіпорын бойынша ғана емес, бағынышты министрлік – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен Автомобиль жолдары комитеті тарапынан болған маңызды ақпараттарды және әріптес компаниялармен бірлескен шараларды да уақтылы әрі жедел жариялап отыру жұмысында да өзін жақсы қырынан таныта алды.

Дайындаған – Исатай ҚАМБАРОВ

СЫРТҚЫ ФАКТОР

25 желтоқсан – 4 қаңтар аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 31 желтоқсанда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,3%-ға (419,50-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 420,91 теңге деңгейінде қалыптасты.



Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 25 желтоқсан – 2021 жылғы 4 қаңтар аралығындағы кезеңде дамушы елдер валюталарының серпіні әртүрлі бағытта болды.

Д.Трамп $900 млрд ынталандыру қамтылған заң жобасына қол қойды. Вакциналар туралы хабарламалар да инвесторлардың оптимизмін қолдады: ҚХР-да реттеуші отандық вакцинаны қолдануды мақұлдады, Ұлыбритания Covid-19-ға қарсы екінші вакцинаны қолдануға рұқсат берді. ЕО мен ҚХР еуропалық инвесторлар үшін бұдан әрі Қытай нарығын ашу туралы келісімді мақұлдағаны туралы жариялады. Келісім 2022 жылдың басында күшіне енуі мүмкін. Ұлыбритания пандемияға байланысты үшінші ұлттық карантинді енгізді.

Дамушы елдер валюталарының** АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:

• Индонезия рупиясы 2021 жылы экономиканың неғұрлым жылдам өсуі (желтоқсан айында РМІ өндірістік индексінің өсуі күткеннен де асып, 51,3 белгісіне жетті), сондай-ақ борыштық нарыққа шетелдік капиталдың келуін күту бойынша оптимизм аясында 2,1%-ға (14 200-ден 13 895-ке дейін) нығайды;

• Түрік лирасы Ұлыбританиямен еркін сауда туралы келісімді ұзарту және жергілікті нарыққа шетелдік инвесторлардың келуін жаңғырту аясында 1,6%-ға (7,55-тен 7,43-ке дейін) нығайды;

• Үнді рупиясы бейрезиденттердің жергілікті компаниялардың акцияларын сатып алуы аясында 0,7%-ге (73,55-тен 73,02-ге дейін) нығайды;

• Ресей рублі ОПЕК+ кездесулерінің қорытындыларына қатысты белгісіздік салдарынан мұнай бағасының төмендеуі аясында 0,4%-ға (74,11-ден 74,42-ге дейін) әлсіреді;

• Мексика песосы жыл соңында өтімділіктің төмен болуы аясында 0,6%-ға (19,86-дан 19,97-ге дейін) әлсіреді;

• Оңтүстік Африка ранды елдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына орай неғұрлым қатаң карантиндік шараларға байланысты қауіптену аясында 0,8%-ға (14,61-ден 14,73-ке дейін) әлсіреді;

• Бразилия реалы ОБ-ның спот нарығында $530 млн көлемінде интервенциялар жүргізуіне қарамастан, 1%-ға (5,22-ден 5,27-ге дейін) әлсіреді.

** шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды;*

*** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.*

2020: БОЛЖАМ

Әлемде өткен жылдың кейбір сәттері экономика дамуының шын мәнінде ауыр сынаққа тап келгенін айқындап, алдын-ала нобайлағанымыздың өзі сан-саққа ұшырайтынына көз жеткізді. Соның ішінде 2020 жылдың сәуіріндегі әлдебір күні әлемдік нарықта үш үйықтаса түске кірмеген құбылыстар да орын алғанын айта кету керек.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Мұнай құны қаншалықты құбылды?

Атап айтқанда, баға қозғалысының бес есе амплитудасын да: максимумы қаңтарда 72 доллар, ал 2020 жылдың сәуірінде бір барреліне 15 доллар боларын болжау мүмкін емес еді. Әйтсе де, бұған нарық пен талдаушылар (сену қиын болса да) жаңа жағдайларға көнбіс күй таныта бастаған сыңайлы. Бірақ, әрине, болжамдарды мүлде жоққа шығару да дұрыс емес, онсыз түрлі салалардағы дамуды бағдарлап отыру мүмкін болмас та еді.

2020 жылдың қарашасында американдық Энергетикалық ақпарат әкімшілігі (Energy Information Administration, EIA) нарықтың кезекті талдауында Brent маркалы мұнайдың қараша мен желтоқсандағы бағасын $40 (АҚШ доллары) деңгейінде болады деп болжаған еді, ал іс жүзінде ол $50 доллардан асып түсті. Яғни тіпті әлемдегі мамандандырылған маңдайалды ұйымдардың бірі бір ай аумағындағы ғана болжамында 20%-ға қателесіп жатса, басқалар туралы не айтуға болады? Екінші жағынан, бұл нарықтың өзі және мұнда жұмыс істейтін талдаушыларға қарсы келген мәселелер мен белгісіздіктің деңгейін де аңғартса керек.

Егер 2020 жылдың екінші жартысында Brent белгіленімі бір барреліне орта есеппен 40+ доллар деңгейінде тұрса, желтоқсанда $50 доллارға дейін артуы байқалған. Бірақ «Kazakh Invest» ҰК» АҚ басқарушы директоры Азамат Қожанов $50 доллар құны тұрақтағанын айтуға әлі ертерек деп есептейді. Бұл ретте қазіргі тренд көңілде оптимизм ұялатады. Ал, шындығына келер болсақ, бәрі де ұсыныс көлемі мен жеткізу бойынша келісімдердің сақталуына байланысты болмақ. «2020 жылдың қорытындысына тоқталсақ, мұнай белгіленімдері басқа шикізаттардың жайғасымдарымен салыстырғанда ең нашар көрсеткіштерді құрап отыр. Бағалар серпіні мөлшерден тыс және құбылмалы болды. Нәтижесінде бұл инвесторлардың осы салаға капитал құюға сенімдері мен тілектеріне әсерін тигізді. Қалыптасқан жағдай орта, тіпті ұзақмерзімді келешектегі бағалардың бұдан кейінгі болжамдарында да көрініс тапты», – деп атап көрсетті Азамат Қожанов.

АҚТАЛМАҒАН ҮМІТТЕР

Егер індет болмағанда, мұнайға бағалар 2019 жылғы, мұнайдың сол жылға болжанған 65 доллар деңгейінде сақталып, құбылған болар еді, деп те пікірін білдірді Kazakh Invest-тің басқарушы директоры. Әйтсе де, 2019 жылдың соңында 65 доллардан төмендеуі мүмкін болжамдар да болған-ды. Ол кезде бұл АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда қатынастары айналасындағы шиеленіспен түсіндірілген еді. «Дегенмен, көмірсутегі шикізатының жаһандық тұтынуы отын-энергетикалық кешеннің жалпы қоржынының басым бөлігін құрап отырғанын естен шығармау керек. Яғни шикізатқа сұраныс әлі де көп болды. Індет болмағанда, осы шикізаттың бағасы 2019 жылы орташа есеппен 65 долларды құрайтын еді. Әбден мүмкін, 2020 жыл бойы біз мұнай құнының 65 доллардан да жоғарырақ, тіпті одан әрі + - 5% тербелісін де көруіміз мүмкін еді», – дейді Азамат Қожанов.

Бүгінде індет, еліміз душар болып отырған, мәселелердің бәрінен асып түсті. Бірақ та, сауда соғыстары басты тақырыбына айналған 2019 жыл да айтарлықтай күрделі болған еді, дейді ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері Вячеслав Додонов. Соның салдарынан әлемдік сауданың құлдырауы халықаралық инвестициялық ағындардың төмендеуіне ұрындырды, ал бұл әлемдік экономиканың дамуына жалпы алғанда жағымсыз жай туындатты. «Осы жағдай мұнай бағасына да әсерін тигізді. Сауда текетірестері ұзаққа созылатыны және олардың экономикаға нақты ықпал ететіні белгілі болғасын-ақ мұнайға бағалар төмендей берді: 2018 жылдың күзінен 2019 жылдың аяғына дейін төмендеулер айтарлықтай өрбіді – 87 доллардан 56 долларға дейін, яғни үштен біріне шейін. Сондықтан да коронавируспа дейін-ақ жағдай бағаның өсуіне ыңғайлана қоймаған еді, тіпті бұл құлдырау тренді 2020 жылы да сақталатын-ды. Рас, төмендеу біртіндеп және созылыңқы күйде өрістер еді», – деп болжайды В.Додонов.

Енгізілген шектеулер салдарынан әлемде мұнай пайдаланудың күрт қысқаруы жаңа тарихта теңдессіз жайтқа айналды, деп еске салады сарапшы. Мұнайды тұтыну 2020 жылы шамамен күніне 8,8 млн баррельге немесе 2019 жылмен салыстырғанда 9%-ға жуық құлдырап кеткен. Нәтижесінде мұнайды өндіру мен тұтыну арасында зор алшақтық орнады, 2020 жылғы сәуірде шамамен бұл көрсеткіштер арасындағы айырмашылық күніне 19 млн баррельден асып түсті. Жағдайды айқындайтын тағы бір көрсеткіш, ОПЕК+ аясында қабылданған, мұнай өндіруді барынша қысқарту болып табылды. 2020 жылдың мамыр айында мұнайдың әлемдік өндірісі сәуірдегі 100,3 млн-нан күніне 88,6 млн баррельге дейін қысқарды. ОПЕК+ шаралары сұраныс пен ұсыныс теңгерімін теңдестіруге мүмкіндік беріп, 2020 жылдың маусым айынан бастап әлемде тұтынғанға қарағанда мұнай азырақ өндірілді және бұл бағаның өсуіне жағдай жасады.

НАРЫҚТЫҚ ТҮРЛЕНУ

Қазақстан Энергетика министрлігі мұнайға сұраныстың құлдырауына тез назар аударып, соған бейімделе алғанын айта кеткен орынды. Азамат Қожанов ОПЕК+ мәмілелері бойынша міндеттерді елімізде сақтау аясында және Қазақстанның бұған одан әрі қатысуы үдерісінде бәрі де айтарлықтай түсінікті және бірқалыпты өріс алды. Бұл ретте ұзақ мерзімді түрленімдер әлі де іс үстінде: шығындар оңтайландырылуда, өндірістегі оңтайландырулар үшін жаңа шешімдер енгізілуде. Бұдан басқа, мұнай саласын цифрландыру бойынша мемлекеттік деңгейде үлкен нақты жоспарлар жүзеге асырылмақ. «Жанартылатын энергия көздері (ЖЭК) үлесі артуда, газдың, электр автомобильдері сияқтылардың, баламалы отын түрлеріне көшу трендінің рөлі ұлғайғанын естен шығармайық. Бұдан өзге нарықта сутегі бойынша шешімдер бағыттары пайда бола бастады, ал бірқатар дамыған елдердегі қайта өңделген полимерлерді отын түрінде қолдануға қатысты алда тұрған міндеттемелер мұндай трендті жүзеге асырудың салмақтылығын түсінуге жетелері даусыз», – деп еске салады А.Қожанов.

Отын-энергетика нарығының жүйесі өзгеруде және бағалар белгіленіміне қысым келешекте тек ұлғая түседі, дейді сарапшы. Сондай-ақ әлемде мұнайға сұраныс сақталады, өйткені баламалы энергия және отын түрлеріне көшу – бір жылдың еншісіндегі шаруа емес. Алайда, нарықтағы сұраныстың болжамы мен көлемі мұнайға бағалардың өсе қоятындығын да аңғартып отырған жоқ.

ҚСЗИ бас ғылыми қызметкері Вячеслав Додоновтың пікірінше, бағалар өсуінің негізгі факторына әлемдегі орталық банктер тарапынан күшті монетарлық ынталандыру әсер еткен. Тек АҚШ-тың бір ғана ФРЖ-сі 2020 жылдың наурызынан нарықтар өтімділігіне шамамен 3,3 трлн доллар ұсынды, осы сияқты шараларды ЕОБ, Жапония банкі, Англия банк және басқа да дамыған елдердің реттеуші институттары жүзеге асырды. Бұл шаралар бірінші кезекте құлдырап кеткен қор және қарыз нарықтарын қолдауға бағытталды, бірақ олар тауар нарықтарына да, соның ішінде мұнайға да үлкен әсер етті. Орталық банктер теңгерімдерінің көлемі мен мұнай бағаларының өзара байланысы мұнай бағалары мен оны өндіру көрсеткіштеріне, сұраныс-ұсыныс теңгерімі мен мұнай саласының басқа да параметрлері теңгеріміне қарағанда айтарлықтай күшті анғарылады. «Сондықтан да, ең алдымен, жалпы алғанда қаржылық нарықтардағы жағдайға, өтемпаздық жағдайы мен орталық банктердің, бәрінен бұрын ФРЖ саясатына назар аудару қажет. Әрине, мұнай саласының іргелі факторлары да маңызды. Бірақ бағаны нарық көңіл-күйі, оған қатысушылар, яғни мұнайды негізгі активтері тұрғысындағы құралдары ретінде сатушы қаржылық жүйелер айқындайды, ал олардың өз логикасы бар: мұнайға сұраныс пен ұсыныс жағдайын басты мәселе санамауы мүмкін, алайда, қаржылық факторларды олар бірінші кезекте есепке алады», – деп түйіндейді сарапшы.

2020 жылдың аяғына, ақпандағы деңгейге тұспалдас, бағалардың қалпына келуі байқалды. Сарапшылар мұны әлемдік мұнай нарығынан жеткен жағымды «қоңыраулату» деп қабылдауда, бұл оларға қайта қалпына келтіру күткендегіден жылдамырақ іске асуына сенім де ұялатқандай. Бұдан басқа, 2021 жылға оптимистік көңіл-күйлер коронавируспа вакциналардың қорытынды сынақтарымен де байланысты өрбуде. Ойлап табылған дәрі жаппай вакцинациялау үдерісін, локдаундардан шығуды және шикізатқа сұранысты арттыруды жеделдетуі тиіс.

АДАМНЫҢ КҮНІ АДАММЕН

АЛТЫННАН АРТЫҚ ҒҰМЫР...

«Ақ өмір» деген сөз бекер айтылмайды. Өйткені, қайғы-қасіретке толы қаралы өмір болса, демек, ақ өмірдің де болғаны.

Егер адам баласы жарық дүние есігін ашқаннан кейін, бақытты балалық шақты басынан кешіп, ақыл-ойы, адами санасы, ерік-жігері толығып, кәмелет жасына келіп, жаңұя құрып, ұрпақ сүйіп, асарын асап, жасарын жасап, ұрпақтарының алдында өмірден озып жатса, соған жетудің өзі – шүкірлік емес пе. Ал екі сәбидің 28 жасар жас анасы қайғы-қасіретке тап болып, өмірден бас кешсе ше? Бұдан өткен өкініш бар ма?!

Сіздерге түсінікті болу үшін әңгімемді әрректен бастайын. Менің есімім Айжан. Көп жылдар орта мектеп қабырғасында ұстаздық еттім. Алып бара жатқан даулетім де жоқ. Екі сәбидің анасы, өмір сүргісі келмейтін нәм өмірінің кезкелген сәтте үзіліп кету қауіпі бар Әйгерім – менің жалғыз қызым. Қызым мен екі немерем Бекзат пен Камила – өмірімнің мәні де, мағынасы да. Осыдан бір жарым ғана жыл бұрын қызым мен екі немерем қуанышымның, бақытымның қайнар бұлақтары іспеттес еді. Қызықтары мен қылықтарына тоймайтын боп жүретінмін. Аяқ астынан бәрі бір сәтте астан-кестен болып өзгереді деп кім ойлаған...

Қызым үшінші бөпесіне аяғы ауыр болатын. Уақытылы дәрігерге қаралып тұрды. Құдай қаласа, күзге қарай ай күні толып, үшінші немерем дүниеге келеді деген тәтті сезімдер құшағында уақыт сусып өтіп жатты. Ол кезде мен жұбайыммен астанада тұратынмын, ал қызым Әйгерім сәбилерімен Павлодар облысының Ақсу қаласында тұрып, өзінің сән салонынан нәпақа табатын.

2019 жылдың 24 қыркүйегінде қызыңыз Павлодар қалалық ауруханасында жан сақтау бөлімінде халі үстінде жатыр деген суыт хабар алдым. Шыбын жанымды шүберекке түйіп, шұғыл Павлодарға жеттім. Бірақ дәрігерлер туған анасы болсам да, жан сақтау бөліміне кіруге рұқсат етпеді. Дәрігерлердің айтуынша, қызым уақытынан ерте босанған, белгісіз себептермен бүйректері жұмыс істемей қалған. Осылай қызым дәрігерге өз аяғымен барып, айналдырған бір тәулік ішінде сәбіин шала жансар дүниеге әкеліп, өзі қомаға түсіп қалған. Жалғызымның өмірін сақтап қалу үшін оған өз бүйрегімді беруге келістім.

Өкініштісі, бүйректерімізден ауыстыруға қажетті сәйкестіктер табылмады. Өмір мен өлім арпалысқан төрт тәуліктен кейін, қызымды жан сақтау бөлімінен шығарды. Қолынын қан тамырларына катетор қойып, жасанды бүйрек (гемодиализ) қызметіне көшірілді. Қысқасы, айналдырған бес-алты күнде, ауруханаға өз аяғымен келген 28 жасар сап-сау қызым, бүйректері жұмыс істемейтін, 1 топ мүгедегі болып қалды. Анасы маған, екі сәбіине қамқор болмақ түгілі, өзін-өзі күте алмайтын мүгедекке айналды. Дәрігерлер тарапынан жіберілген қателіктер – бөлек әңгіме.

Мен күйеуімді астанада қалдырып, мүгедек қызыма күтім жасау, немерелеріме қамқор, тәлімтәрбие беру үшін мүгедек қызымның көмекші күтушісі мәртебесін алдым.

Шындығында, жасанды бүйрек, яғни гемодиализ дегеніміз – өлместің кері. Гемодиализге душар болған адам ешқашан ауруынан айығып кете алмайды. Өле-өлгенше гемодиализге тәуелді. Елімізде гемодиализге тәуелді мүгедектер арасында өлім көрсеткіші өте жоғары. Айналдырған алты ай ішінде арманы асқақ алтындай қызым өмірге деген құштарлықтан айығылған, «анашым, өмір сүргім келмейді» дегенді үздіксіз қайталай беретін еріксіз, шарасыз жанға айналды. Құр сүйегі мен сүлдесі қалды. Гемодиализбен қызымның өмірі ұзаққа созылмайтындығын түсінгендіктен басымдағы жалғыз пәтерімді сатып, Алматы, Нұр-Сұлтанда білікті нефролог дәрігерлерге қаралып, ем іздедік. Қызымның денсаулығын тузеймін деп бармаған тау, баспаған жер қалмады. Білікті мамандардың айтуынша, тек бүйрек ауыстыру арқылы ғана қызымның өмірін ұзартуға болады. Республикалық бүйрек ауыстыру тізіміне тіркелдік. Бірақ, Қазақстанда квотаға сәйкес жылына 30-40 мүгедекке бүйрек ауыстырылады екен. Ал деректерге сүйенсек, 7000-ға жуық наукас бүйрек ауыстыру кезегінде тұр. Мемлекеттік квотамен бүйрек ауыстырамын деу – үмітсіз шайтанның тірлігі. Бұл процестің өзі соңғы жылдары трансплантация жасайтын дәрігерлер үстінен қозғалған қылмыстық істер ықпалынан тіптен тежеліп қалғандай да.

Ендігі қалған бір ғана жол – шетел асып, ақылы бүйрек ауыстыруға қол жеткізу. Сондықтан алдымен жалғызымның өмірін сақтау үшін «Aq omir – Altyn» атты қайырымдылық қорын құрдым. Мақсат – құдай сәтін салса, қайырымды жандардың көмегімен алдымен қызыма hәм осындай ауыр жағдайға душар болған мүгедек жандарға қол үшін созу.

Ендеше, кез-келген мүгедек жанның өмірі ақ, жарқын болып, жалғасын таба ма, әлде қара жамылып, қайғы-қасіретке душар болып, өмірмен ерте қоштаса ма, бұл сіз бен бізге байланысты, қайырымды жандар. Жалғыз қызымның өміріне араша болыңыздар, Алланың атымен сұраймын. «Ақ өмір – Алтын» қайырымдылық қорының есеп шоты мынандай:

Заңды тұлғалар үшін:
АО ДБ «Альфа-Банк»
БИК ALFAKZKA
KZ659470398993155577
«Aq omir altyn» қайырымдылық қорының директоры
Шоқпарова Айжан Бағадатқызы

Жеке тұлғалар үшін:
Kaspi gold
№ 4400 4301 6787 6959
+77024840772

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Қызмет көрсету орталықтарының жұмысы қайта жанданды

Елімізде жарияланған төтенше жағдайдан кейін жұмысын бастаған қалалық халыққа қызмет көрсету орталықтарында коронавирус пандемиясына байланысты өзіне-өзі қызмет көрсету секторларының жұмысы шектелген болатын. ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің тапсырмасымен бұл аймақтардың жұмысы жақында ғана қайта жанданған болатын.

АЙЖАН ЖАСБАТЫРҚЫЗЫ

Бүгінде республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда 137 өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы іске қосылды, оның 10-ы Алматы қаласында. Онда азаматтарға кеңес беру үшін мыңнан астам қызметкер тартылды. Келушілер ондағы компьютерлер арқылы керекті анықтамалар мен электронды қызметтерді өз беттерінше ала алады. Өзіне-өзі қызмет көрсету секторындағы ең көп алынатын қызметтерге ЭЦҚ рәсімдеу, сот-тылықтың болуы және болмауы туралы, наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің есебінде болмауы туралы анықтамалар алу, тұрғылықты жері бойынша тіркелу және емханаға тіркелу кіреді.

Естеріңізге сала кетейік, карантин уақыты барысында электронды қызметтерді алу үшін қалалардағы сауда орындары, жоғары оқу орындары, қала әкімдігі сияқты азаматтар көп баратын жерлерде 700-ден астам egov бұрыштары іске қосылған болатын. Онда компьютері немесе интернет байланысы жоқ азаматтар қажетті анықтамалар мен қызметтерді рәсімдейтін. Аталған бұрыштар әлі де қызметін жалғастыратын болады.

Бұған дейін тегін алуға болатын электронды қызметтерді ақылы түрде ұсынатын мекемелердің жұмысына байланысты азаматтардың шағымы көбейген болатын. Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы олардың жұмысына еш қатысы жоқтығын және анықтамаларды алу үшін бөгде азаматтарға жеке мәліметтерді ұсыну қауіпті екенін ескертеді.

БАЙҚАУ

Үздіктердің есімі анықталды

2021 жылғы ASSYLTAS стипендианттары анықталды. 100 мыңнан астам адам дауысын өзі таңдаған кандидатқа бергеннен соң, бірінші кезеңде ең көп дауыс жинаған алты үміткердің үшеуі екінші кезеңге өтіп, ары қарай 20 сарапшының берген ұпайларының нәтижесінде жеңімпаздар белгілі болды.

НҰРЛАН ҚҰМАР

Журналистикада КТК арнасының тележүргізушісі Асыл Махметовтың бағы жанды, әдебиетте ақын, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Олжас Қасым оза шапты. Ғылым саласында техника ғылымдарының кандидаты Рүстем Манатбаев үздік шықса, спорт аталымында Токио олимпиадасында өнер көрсететін боксшы Абылайхан Жүсіповтың мерейі үстем болды. Сондай-ақ екінші кезеңде Абылаймен бірдей ұпай жинаған дзюдошы, Азия чемпионатының күміс жүлдегері Елдос Жұмахановқа да 1 миллион теңгенің сертификаты тапсырылды. Журналистика саласына қосып жүрген үлесі үшін «Шалқар» радиосының редакторы Гүлмира Нәлібай мен білім саласына қосып жатқан үлесі үшін Роза Ербозымқызы ASSYLTAS төсбелгілерінің иесі атанды.

Ал Түркітілдес журналистер қорының HALYK BANK серіктестігімен, отандық БАҚ өкілдері арасында қаржы және банк саласы бойынша ұйымдастырған «Еркін сөз» – 2020 шығармашылық байқауының жеңімпаздары анықталды.

«Үздік мақала», «Сайттағы үздік мақала», «Үздік телесюжет» аталымдары бойынша өткізілген байқаудың Бас жүлдесі – 500 000 теңге. Сонымен қатар үш аталым бойынша 100 000 теңге ынталандыру сыйлығы, 50 000 теңгелік екінші ынталандыру сыйлығы тағайындалды. Қазылар алқасының құрамында UIB Бизнес мектебінің директоры, қаржыгер Мақсат Халық, «Егемен Қазақстан» газетінің шолушысы Анар Төлеуханқызы, БАҚ және телерадио хабарларын тарату саласы қызметкерлері Кәсіподағының төрағасы Зейін Әліпбек, Жезқазған аймақтық «Дидар» телеарнасының бас продюсері Мақпал Орынбетова, елімізге танымал тәжірибелі журналистер Есей Жеңісұлы, Жұлдыз Әбділда, Анар Тұрмағамбетова, Halyk Bank баспасөз қызметкері Досбол Арыстанбеков болды.

Сонымен, «Үздік мақала» аталымы бойынша бас жүлдені «Отарқа» газетінің бас редакторы Жанаргүл Қадырова (500 000 теңге) иеленді. Ынталандыру сыйлығын Батыс Қазақстан облыстық Қазталов ауданы «Жайық пресс» ЖШС Қазталов аудандық филиалы «Ауыл айнасы» аудандық газетінің тілшісі Асылбек Нәсіпқалиұлы (100 000 теңге), ал екінші Ынталандыру сыйлығын Павлодар қаласы «Сарыарқа самалы» газеті бас редакторының орынбасары Мұрат Аяғанов (50 000 теңге) еншіледі.

«Сайттағы үздік мақала» аталымы бойынша бас жүлдені Алматы облысы Талдықорған қаласы Алматы облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Ерлік Қабдеш (500 000 теңге) алды. Ынталандыру сыйлығын Алматы облысы Талғар ауданы Тұзды-бұлақ ауылы www.KzNews сайтының редакторы Мейіржан Әуелханұлы (100 000 теңге), ал екінші ынталандыру сыйлығын Алматы облысы Іле ауданы, «Azattyq Ryhy» ақпараттық сайтының тілшісі Әмірболат Құсайынұлы (50 000 теңге) табан тіреді.

«Үздік телесюжет» аталымы бойынша бас жүлдені Нұр-Сұлтан қаласы, QAZAQSTAN PTPK тілшісі Асима Нұрбайқызы (500 000 теңге) қанжығасына байлады. Ынталандыру сыйлығын Нұр-Сұлтан қаласы, QAZAQSTAN PTPK тілшісі Раушан Сайлауқызы (100 000 теңге), ал екінші ынталандыру сыйлығын Алматы қаласы «Атамекен бизнес» телеарнасының тілшісі Арнат Орынбасарұлы (50 000 теңге) иеленді.

БӘЙГЕ

Жыл үздіктері марапатталды

Түркістан облысында жыл қорытындысы бойынша әр салада жемісті еңбек етіп, халыққа сапалы қызмет көрсетуде абырой биігінен көріне білген азаматтар 2020 жылдың «Жыл үздігі» номинациясымен марапатталды. Жыл үздіктеріне Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шокеевтің арнайы дипломы мен «Жыл үздігі» мүсіні табысталды.

АЙБОЛ КӘДІРБАЙ

Карантиндік шектеулерге орай бұл шара онлайн форматта өтті. Облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов жыл бойы атқарған істі бағалап, осы жолда жемісті еңбек еткен азаматтар мен еңбек ұжымдарын 42 аталым бойынша марапаттап, құттықтады. Олардың бірқатары өз жүлделерін облыс әкімі орынбасарының қолынан алды.

«Жыл үздіктері мұндай құрметке онай жеткен жоқ. Бүгін есеппен кеткен еңбектің зейнеті өтелген күн. Бұл талмас талпыныс пен қажырлы қайраттың жемісі. Барлық түркістандықтарды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Халқымыздың әл-ауқатын арттыру және еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық және мол табыстарға жетулеріңізге тілектестпін», – деді облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов.

Сонымен, 2020 жылғы Түркістан облысы бойынша «Жылдың үздік әртісі» аталымында Жанбол Файзиев, «Жылдың үздік әншісі» номинациясында Айжан Әбілханова, ал «Жылдың үздік жазушысы» болып Абылайхан Есімбай үздік деп танылды.

Сонымен қатар «Жылдың үздік дәстүрлі әншісі» – Қазақстанның халық әртісі Қажыбек Бекбосынов болды.

РУХАНИЯТ

Музей – өлкенің тарихы, халықтың қазынасы

Былтырғы жылы еліміздегі ең алғашқы өнер музейі – Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейіне 85 жыл толды. Іргесі қаланған сәттен бастап халыққа қызмет еткен уақытта республикамыздың мәдени стратегиясының ажырамас бөлігіне, көркемдік мұраны зерттеп, насихаттайтын маңызы зор орталыққа айналды.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

1935 жылы Ұлттық көркемсурет галереясын ұйымдастыру жайында қаулы шықты. Осы сәттен бастап коллекция жинау басталады. Жас Қазақстанның бейнелеу өнері туындылары Қазақстан Суретшілер одағы мен галереяның өзі ұйымдастырған көрмелерден алынды. Ресейдің ірі музейлерінен Орыс, Батыс Еуропа өнерінің кескіндемесі, мүсіні мен графикасы, шығыс өңірдегі елдердің туындылары қайтарымсыз берілді.

1936 жылы галерея Қазақ Мемлекеттік көркемсурет галереясы – ҚМКГ болып өзгертілді. Музей залдары жарлық шықаннан кейін екі жыл өткен соң – 1937 жылы Бүкілқазақстандық кескіндеме, графика, мүсін көрмесі ашылған кезде ғана келушілерге есік ашты. Бұл күн келушілер үшін галереяның ресми ашылған күні деп есептеледі. Ашылған сәтте оның көлемі 250 шаршы метр, қорда 1390 экспонат болды.

1939 жылы бүкіл еліміз Т.Г.Шевченконың (1814-1861) 125 жылдығын мерекеледі. Осы оқиғаға байланысты Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1939 жылы 5 наурызда «Украин ақыны Тарас Григорьевич Шевченконың есімін мәңгі есте қалдыру туралы» жарлық шығарды. Оның есімін Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік көркемсурет галереясына (ҚМКГ) беру туралы шешім қабылданды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ҚМКГ жұмысы тоқтатылды. Галереяның үй-жайы соғыс уақыты қажетіне беріліп, коллекцияны сақтауға Орталық музей мен Абай атындағы опера және балет театрынан орын берілді. Соғыстан кейінгі кезеңде галереяға кәсіби ғылыми қызметкерлер келді. Уақыттың қиындығына қарамастан, жұмыс мүлдем басқаша деңгейге көтерілді. Бұл көбінесе 1950 жылы директорлық қызметке тағайындалған Любовь Георгиевна Плахотнаяның басшылыққа келуімен тығыз байланыстырылады.

1952 жылы ҚМКГ-ның тұрақты жұмыс істейтін дәрісханасы өз жұмысын бастады. Дәрістер Орталық өнер қызметкерлері үйінің залында оқылды. Дәрісхана кейіннен «Халық мәдениеті университеті» болып қайта құрылды. Қазір әлемдік өнер тарихынан «Әсем әлем» Кіші өнер академиясында жүйелі білім алудың мүмкіндігі бар. 1960-жылдардан бастап коллекцияның жиналуы зор қарқын ала бастайды. Музей қызметкерлері Мәскеу, Ленинград коллекционерлерімен, суретшілердің отбасыларымен және мұрагерлерімен бірлесіп жұмыс істейді. Түрлі мемлекеттік құрылымдар арқылы заманауи Қазақстан шеберлерінің туындылары сатылып алынады.

Экспонаттар санының өсуіне байланысты галереяға сәулеті музей қызметінің ерекшелігіне сай келетін жаңа ғимарат салу туралы мәселе көтерілді. 1965 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі ҚМКГ-ге арнайы ғимаратты жобалау және салу туралы шешім қабылдады. «Алматыгипрогор» институтының № 2 шеберханасының құрамында Э.Кузнецова, О.Наумова, Б.Новиковтар бар сәулетшілер мен инженерлер тобы тамаша жоба жасады. Жаңа музей ғимараты салынды. Бейнелеу өнері коллекциясын 1970 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатқан Республикалық халықтық қолданбалы өнер музейінің (РХКӨМ) қорымен біріктірді. 1976 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік өнер музейі деген жаңа атау алған жаңа музейдің ашылуы болды.

1984 жылы Қазақ КСР халық суретшісі, тамаша қылқалам шебері Әбілхан Қастеевтің туған күніне арналған мерейтойлық көрме өтті. Бұл атаулы күнге бүгінгі күні суретшінің шығармашылық жолын, дарынының көп қырлылығын сипаттайтын үздік туындыларын көруге болатын мемориалдық зал құрылды. Сол жылы тұңғыш ұлттық суретшіні мәңгі есте сақтау үшін Қазақ КСР Мемлекеттік өнер музейіне Әбілхан Қастеевтің есімі берілді.

Бүгінгі таңда Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ – ғылыми қызметкерлердің алғашқы буыны салған дәстүрлері құрметтеліп, музей жұмысының практикасында қазіргі заманның жаңа жетістіктерін белсенді пайдаланатын еліміздегі іргелі музей. Жинақта 25713 экспонат сақталуда. Қазақстанда бірінші болып музей қызметкерлері мүмкіндігі шектеулі жандарға музей экспозициясының қолжетімділігі бойынша қызметке жүгінді. 2013 жылдан бастап инклюзивті жобалар бойынша жұмыстар жүргізілуде: коллекцияның көркем шығармаларынан рельефтер жасалуда, «Рухани шабыт» сияқты тағы да басқа жеке фестивальдер өткізілуде. Музей жалпы әлемдік музейлер қозғалысының бір бөлшегіне айналды. Бұған музей залдарында өткен маңызы зор «Франция інжу-маржандары» (2012) халықаралық көрмесі, 2016 жылғы Зураб Церетели мен В. Власовтың жеке көрмелері, ислам дәстүрінен шабыт алған «Джамиль-4 сыйлығы» халықаралық заманауи өнер көрмесі (Виктория мен Альберт музейі, 2017), Дэмиен Хёрсттің «Жаңа дін» (Ұлыбритания, 2016), Хант Слонемнің (АҚШ, 2018) көрмелері және т.б. мысал бола алады. 2018 жылы музей Халықаралық музей альянсы мен Пекин Ұлттық музейі құрған Жібек жолы галереясының құрамына кірді. 2019 жылы Smithsonian (США, Вашингтон) ғылыми-зерттеу және білім беру институтында музей қызметкерлері қатысқан Қазақстан қол өнері және креативті экономика туралы Халықаралық симпозиум болды.

Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ – дамып, жетіліп отыратын, белсенді де көп қырлы қызмет ететін, жанданған біртұтас құрылым болып отыр.

«Қазақ газеттері» ЖШС және Серіктестікке қарасты басылымдардың еңбек ұжымдары журналист Салтанат Қажыкеннің әкесі, «Tenge Monitor» газетінің бөлім меңгерушісі Нұрлан Құмардың нағашы атасы

Жасбатыр ҚАЖЫКЕНҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Құрылтайшы және шығарушы:
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор –
Редакторлар кеңесінің төрағасы
Шамшидин ПАТТЕЕВ
қабылдау бөлмесі 272-87-30
жарнама бөлімі 267-00-44
www.tengemonitor.kazgazeta.kz
E-mail: kaz_gazeta@mail.ru

TENGE MONITOR

Бас редактор
Ақас ТАЖУТОВ

Бас редактордың орынбасары – жауапты хатшы
Рымтай САҒЫНБЕКОВА

Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, Исатай ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚҰМАР
Беттеуші: Ернар ОРМАНОВ

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:
Ақтөбе облысында: Жаңғабыл Қабақбаев 8 771 769-63-22
Маңғыстау облысында: Бектұр Төлеуғалиев 8 701 774 2141

Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
АЛШАНОВ Рахман
ӘБДІМАНАПОВ Сәрсенғали
БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетпісбай
ЕСПОЛОВ Тілектес
ҚАЛИЕВ Ғани
НҰРСЕЙІТ Айтқали
САҒАДИЕВ Кенжегали
САПАРБАЕВ Әбдіжапар
САТЫБАЛДИН Сағынды қ
ТЕМІРБЕКОВ Нұрлан

Тапсырыс: 1501.
Таралымы: 5000.

Газет аптасына 1 рет шығады.
Газет «Дәуір» РПБК ЖШС-да басылды.
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй.
Тел.: 273-50-53.

«Tenge monitor» газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:
050013, Алматы қаласы,
Жетісқұм көшесі,
175, 4-қабат.
403-бөлме (тілшілер)
тел.: 272-87-04

404-бөлме (бас редактор)
тел.: 267-36-34
факс: 272-86-11

E-mail: kazekonomica@mail.ru
www.tengemonitor.kazgazeta.kz

Нөмірдің кезекші редакторы:
Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ